

07.02.2022 ж № Q00030

ТОЙГУЛОВ МУХТАРХАН МОЛДАХАНҰЛЫ

Алматы облысы Жаркент қаласы «Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК
Биология пәнінің жоғары санатты оқытушысы

Бөлім: Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдары	Білім беру ұйымының атауы: Жаркент жоғары гуманитарлық- техникалық колледжі Педагогтің аты-жөні: Тойгулов Мухтархан Молдаханұлы
Күні:	
Топ	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Модификациялық өзгергіштік
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	Модификациялық өзгергіштіктің туындау себептерін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын білу.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Сабақтың басы Ұйымдас ты ру кезеңі:	Психологиялық жағымды орта құру. «Комплименттердің бұрқасыны» стратегиясы Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосфера қалыптастыру. Бір –бірімізге сәттілік	«Бір-біріне жақсы тілек тілейді, өз ойларын білдіреді. Сабаққа белсенділігі артады.		Компьютер, оқулық, суреттер, тапсырмалар Презентация

	тілей отырып, сбағымызды бастаймыз Сабақтың тақырыбы айқындалады. «Миға шабуыл » әдісі Тақырыпты ,сабақ мақсатын білім алушылармен ашу			
Жаңа сабаққа кіріспе	Өзгергіштік дегеніміз-организмнің бойндағы түрлі белгілер мен қасиеттердің сыртқы орта факторларының әсерінен өзгеруі,соған байланысты ол жаңа белгі-қасиеттерге ие болады немесе өзінің кейбір белгі-қасиеттерін жоғалтады.Өзрергіштіктің екі түрі бар.Олар: 1.фенотиптік немесе тұқым қуаламайтын өзгергіштік Бұған модификациялық өзгергіштік жатады.2. генотиптік немесе тұқым қуалайтын өзгергіштік..Бұған мутациялық және комбинативтік өзгергіштік жатады			Бейне көрсетілім
Сабақтың ортасы Білу	Модификациялық өзгергіштік (Бейне көрсетілім назарларын аудару) Презентация мен қосымшаақпаратта рды қолдана отырып, сұрақтарғажауап береді:	Өзгергіштік,өзгергіштіктің түрлеріне анықтама береді	D 50-54 D+ 55-59 C- 60-64	Презентация Топпен жұмыс «Сұрақ,жауап» әдісі
Түсіну	-Өзгергіштік деген не? -Өзгергіштіктің қандай түрлері бар?	Модификациялық өзгергіштік пен комбинативтік өзгергіштіктке		Суреттер,оқулық презентация

Қолдану	-Модификациялық өзгергіштік деген не? Маңыздылығы қандай? Мысал келтіріңіз -Комбинативтік өзгергіштік деген не? Маңыздылығы қандай? Мысал келтіріңіз	мысалдар келтіреді, түсіндіреді -Лавршие жапырақтарының вариация қатарын есептеп, вариациялық қисық сызық сызады -Вариациялық қатардың арифметикалық орташа шамасын есептейді	С 65-69 С+ 70-74 В- 75 - 79	Жеке жұмыс Оқулық, дәптер, жапырақ, сызғыш, клей
Талдау	-Вариациялық қатарды құру және жапырақ ұзындығы өзгергіштігінің вариациялық қисық сызығын түсіру	-суреттерде не көрсетілген анықтап, сипаттама береді -Модификациялық өзгергіштіктің маңызын айтады	В 80-84 В- 85-89	
Жинақтау		Тест, қосымша тапсырмалармен жұмыс жүргізе біледі		«Кім жылдам» әдісі Жеке жұмыс Джамбо тақтасы «Ойлан тап» әдісі
Бағалау	Суретте берілген? Суреттерге сипаттама беріндер? Модификациялық өзгергіштіктің маңызы		А- 90-94 А 95-100	

	Тест, қосымша тапсырмалармен жұмыс			
Сабақтың соңы	Рефлексия «Білім ағашы» Бәрін түсіндім- қазыл алма Жартылай түсіндім- сары алма Түсінбедім- жасыл алма «Оқытушы- білім алушы, білім алушы-оқытушы» пікірі бойынша сабақтың мақсаты, нәтижесін е қол жеткізу туралы ой алмасу Үй тапсырмасы: Модификациялық өзгергіштік заңдылықтары оқу. Тақырыпқа байланысты қосымша мәліметтер жинақтау.	өзін –өзі бағалау жүргізіледі «Білім ағашы» бойынша кері байланыс жүргізеді		«Білім ағашы» суреті

07.02.2022 ж № Q00031

КОКАНОВА НАЗИГУЛ КЕРИМОВНА

*Алматы облысы, Жаркент қаласы
«Жаркент көпсалалы колледжі» МКҚК
математика пәнінің жоғары санатты оқытушысы*

Сабақ жоспар

Модуль: Стандартты деңгей Пән атауы: Математика

Сабақтың тақырыбы: Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары

Сабақ түрі: Жаңа білімді қалыптастыру

2. Сабақ мақсаты: Стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу

Сабақ міндеті: - -стереометрияның аксиомаларын сызбада бейнелеп, математикалық символдармен жазуды және аксиомалардан шығатын кейбір қарапайым салдарларды дәлелдеп, оларды есептер шығаруда қолдану.

3. Оқу-жаттығу процесінде білім алушыларды бағалау критерийлері:

-стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын түсіндіреді.

-стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын математикалық символдар арқылы жазады




4. Қажетті ресурстар: Ноутбук: Призентация, білім алушының жұмыс парағы

5. Сабақтың барысы


Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы: 8 мин	Амандасу Психологиялық ахуал тудыру. Білім алушылардың зейінін сабаққа аудару Топқа бөлу: Білім алушылар түрлі-түсті маркерлер арқылы топқа бөлінеді 1- топ 2- топ 3 -топ Әр топ бір-біріне жақсы тілек айтып, жақсы көңіл күй сыйлайды Үй тапсырмасын тексеру: Жаңа тақырып үшін керекті	Тапсырма-1

	бұрынғы білімдерін еске түсіру <u>Білу-Түсіну: «Миға шабуыл» әдісі.</u> Өткен білімді еске түсіру үшін төменгі тапсырма ұсынылады. а) Білім алушыларға қойылатын сұрақтар: 1. Аксиома дегеніміз не? 2. Теорема дегеніміз не? 3. Планиметрия нені зерттейді? 4. Жазықтықтағы негізгі фигураларды атаңыздар. 5. Тағы қандай фигураларды планиметрия курсына оқыдыңыздар? б . «Дұрыс тұжырымды көрсетіңіз» «А нүктесі а түзуіне тиісті» 1) $A \in a$; 2) $A \in \alpha$; 3) $a \subset \alpha$; 2) «А нүктесі α жазықтығында жатады» 1) $A \in a$; 2) $a \subset \alpha$; 3) $A \in \alpha$ 3) «а түзуі α жазықтығында жатады» 1) $a \subset \alpha$; 2) $A \in \alpha$; 3) $A \in a$; Бағалау: орындалмаған тапсырмаларды талқылайды және қателерді түзетеді. <u>Кері байланыс:</u> - Тапсырмаларды шешуде мақсатқа жету үшін қандай білім қажет болды? - Қандай қадамдар қиындықтар туғызды? Қ.Б Оқытушының бағалауы. Белсенділік танытқан білім алушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалау. «Жарайсың!, Жақсы!, Өте жақсы!»	
--	--	--

Сабақтың ортасы: 12 минут	Жаңа материалды игеру. Джигсо әдісі. Топтық жұмыс. (Топпен бірігіп сұраққа жауап береді және стереометрия аксиомаларын оқып. топ ішінде талқылап ,сызбасын сызып, бір-біріне түсіндіреді. Басқа топпен ой бөліседі) Білім алушылармен бірге сабақтың мақсатын ашу. Қалай ойлайсыздар, стереометрия дегеніміз не? Стереометрияда қандай негізгі фигуралар болады? Неліктен? 1 топ. С₁. Кеңістіктегі кез келген екі нүкте арқылы бір ғана түзу өтеді. 2 топ.С₂. Бір түзуде жатпайтын кез үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады және ол жалғыз болады. 3 топ. С₃. Егер екі жазықтықтың ортақ нүктесі бар болса, онда осы жазықтықтардың ортақ нүктелері жататын ортақ түзуі болады, яғни жазықтықтар түзу бойымен қиылысады. Тиімділігі:Оқылым мен айтылым дағдысы қалыптасады Бұл тапсырма саралаудың «Диалог және қолдау»тәсілі көрініс табады.	
5 мин	Стереометрия аксиомаларын оқып. Топ ішінде талқылап ,сызбасын сызып, бір-біріне түсіндіріп.әр топ қорғайды. Қ.Б. «Екі жұлдыз, бір тілек» Топтар бірін-бірі бағалайды. Қолдану: 2- тапсырма. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі. Жұптық жұмыс.	Тапсырма-2 https://ds02.infourok.ru/uploads/doc/091

	Сызбаларды оқып белгілеулермен жазыңыз. №1 Сызбаны оқып, белгілеулермен жазыңыз.  №2.  №3.  Дескриптор: Білім алушы: - есептің шартына сәйкес сызбаны оқиды. - жазықтықтың, нүктенің, түзудің орналасуын математикалық белгілеулермен жазады. Қ.Б. Бірін- бірі бағалайды Кері байланыс:	0/000698bf-89da802e.ppt Тапсырма-3 https://learninapps.org/view19395568
6 мин	Талдау- жинақтау.Тапсырма -3. Алынған білімге талдау. 3-Тапсырма. « Бірге ойланайық» әдісі . Жеке жұмыс «Сәйкестендір кестесі»	
	1. Егер екі түзу қиылыспаса, онда қалай аталады?	Қыйылысқан
	2. Әр түрлі жазықтықта	Параллель

	Дескриптор: Білім алушы: - Сызбасын салады Математикалық белілеулермен жазады	
	Бөлім: Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдары	Тапсырма -5 Білім беру ұйымының атауы: Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі https://yandex.kz/video/preview/?text=стереометрия%20аксиомалары%20және%20олардың%20қарапайым%20салдарлары&path=wizard&parent_reqid=16 Педагогтің аты-жөні: Гойгулов Мухтархан Молдаханұлы
	Күні:	
	Топ	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
	Сабақтың тақырыбы:	Модификациялық өзгергіштік
	Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	Модификациялық өзгергіштіктің туындау себептерін түсіндіру https://learninapps.org/view/19395715
	Сабақтың мақсаты:	Модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын білу. https://ds02.inforok.ru/up/bads/doc/0910/0006988f-89da802e.ppt
	Тұжырымдаманың дұрыстығын дәлелдейді. Бағалау: Топ бірін бірі бағалау, оқытушының бағалауы Кері байланыс 5-Шығармашылық тапсырма. Жинақтау әдісі» Жеке жұмыс «Иллюстрацияларға қарап стереометрия аксиомаларын анықтаңыз, сызбасын сызып, математикалық белгілеулермен жазыңыз»	

	 <i>Дескриптор:</i> - «Иллюстрацияларға қарап стереометрия аксиоманы анықтайды - сызбасын сызады - математикалық белгілеулермен жазады Қ.Б: Өзін-өзі бағалайды Кері байланыс жасай отырып, түзету жұмыстары жүргізіледі Білім алушы шығармашылық тапсырманы орындайды Бағалау: өзін-өзі бағалау Жұмыс парағы бойынша балдық балын айта алады Оқытушының бағалауы	
Сабақ бойынша рефлексия: 3 мин	Сабақ соңында білім алушылар рефлексия жүргізеді: «Сөйлемді жалғастыр» <i>Бүгінгі сабақта... білдім</i>	Өз ойларын білдіру

	Мен бүгін не үйрендім? Қай ұғымды тез игердім? Қандай ұғым мен үшін қиындық тудырды?	
Үй тапсырмасы 1 мин	Үй тапсырмасы: Смирнов В.А Туяков Е.А. «Геометрия» 10 сынып .ЖМБ-Алматы: Мектеп,2019 § 1, № 1.2. 26 бет	Оқулық




Білім алушының жұмыс парағы


Бағалау критерийлері:


-стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын түсіндіреді.

-стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын математикалық символдар арқылы жазады

Т/Н	Білім алушының тапсырмалары	Дескрипторы		Әріптік баға	Балл
1	Білу- түсіну : 1 тапсырма: Ұжымдық жұмыс Білім алушылар қойылатын сұрақтар: 1.Аксиома дегеніміз не?Теорема дегеніміз не? 2.Планиметрия нені зерттейді? (Планиметрия - фигуралардың қасиеттерін жазықтықта зерттейтін геометрияның бөлімі). а) Жазықтықтағы негізгі фигураларды атаңыздар. ә)Тағы қандай фигураларды планиметрия курсыңда оқыдыңыздар? б)Планиметрия аксиомаларын еске түсірейік. в)Жазықтықта нүктелер мен түзулерді қалай белгілейді? г)«А нүктесі а түзуіне тиісті» деген сөйлемді қандай символдардың көмегімен жазады? (	- Дескриптор : Аксиома, теорема, планиметрия анықтамаларын біледі Жазықтықтағы негізгі фигураларды, планиметрия аксиомаларын біледі Сөйлемді символмен жаза алады	а) 2 ә)2 2	С- С	50-55 56-59 60-69

	$A \in a$) д) «А нүктесі α жазықтығында жатады» сөйлемі $A \in \alpha$ түрінде жазылады, ал «a түзуі α жазықтығында жатады» сөйлемі $a \subset \alpha$ түрінде жазылады.				
2	Қолдану-Талдау: 2 тапсырма. Қолдану: 2- тапсырма. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі. Жұптық жұмыс. Сызбаларды оқып белгілеулермен жазыңыз. №1 Сызбаны оқып, белгілеулермен жазыңыз.  №2.  №3.  Талдау. Тапсырма -3. «Сәйкестендір кестесі»	Дескриптор: - есептің шартына сәйкес сызбаны оқиды. - жазықтықтың, нүктенің, түзудің орналасуын математикалық белгілеулермен жазады	3	C+	70-74
	1. Егер екі түзу қиылыспаса, онда қалай аталады?	Қыйылысқан			
	2. Әр түрлі жазықтықта жататытын, қыйылыспайтын түзулер	Параллель	2	B-	75-80
	3. Бір жазықтықта жататын, ортақ нүктелері бар түзулер	Нүте, түзу, жазықтық	3	B+	85-89
	4. Стереометрияның негізгі фигураларын ата	Нүкте түзу			

	5.Планиметрияның негізгі фигулаларын ата	Айқас	сәйкестендіреді				
3	Жинақтау-Бағалау: Жинақтау. 4- тапсырма. «Бірге ойланайық» әдісі. Топтық жұмыс. Топтарға тапсырма беріледі.. Топ болып тексереді а) Есептің шарты бойынша сызбасын салыңдар және математикалық белгілеулермен (символдармен) жазыңдар . В нүктесі m түзуінде жатады ; n түзуі А және В нүктелері арқылы өтеді; а және в түзулері О нүктесінде қиылысады Тұжырымдаманы дәлелдеңіз. б) $\alpha \cap \beta = b, A \in \alpha, A \in \beta \implies A \in b$.5-Шығармашылық тапсырма. Жинақтау әдісі» Жеке жұмыс «Иллюстрацияларға қарап стереометрия аксиомаларын анықтаңыз, сызбасын сызып, математикалық белгілеулермен жазыңыз» 	Дескриптор - Сызбасын салады Математикалық белгілеулермен жазады Тұжырымдаманың дұрыстығын дәлелдейді Дескриптор : - «Иллюстра	3	A-	90-94		

		цияларға қарап стереометр ия аксиоманы анықтайды - сызбасын сызады - математика лық белгілеулер мен жазады	3	А	95- 100
--	---	---	---	---	------------

07.02.2022 ж № Q00036

Текемет басудың шығу тарихы

ХАМЗИНА ЖАНАР ОРЫНБАЕВНА

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы

*Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға
мамандандырылған гимназия-интернаты көркем еңбек пәнінің мұғалімі*

1. Текемет, киіз басуға арналған жүнді алғашқы өңдеу технологиясы.

Текемет қай заманда да тұтынушылардың қажеттіліктерін өтеп келгендігі даусыз. Дегенмен, қоғам дамуы мен тұрмыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне қарай бұл бұйымдардың осы күйінде кейде тазалыққа, тұтынуға тиімсіздігі байқала бастаған. Осыған орай адамдардың тұрмыс деңгейінің, талап-талғамының өсуінің әсерінен қолдануға ыңғайлы, жеңіл әрі көркем, көлемі шағын төсеніштер пайда болды.. Айталық, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермеу үшін қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеніп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен деп санауға болатын сияқты. Алғашқы сырмақ пішіні осылай қалыптасқан. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған. Зерттеушілердің айтуынша, мұндай сырмақтар алғашында, әрине, орта салынбай жасалды. Бүтін күйінде ығына қарай сырылуы, сондай-ақ сол кездегі таңба – белгілер, нанымдар бойынша оюлар түсірілді.

Мәселен, ашамай +, х белгі, күн бейнесі, т.б. айналдыра сыру тәсілі қолданылды. Бірте-бірте қабатталған киіздердің жиектерін жөрмеу, төрт шетін бойлап, қабаттарын бекіте түсіп, сырудан түскен сызықтарға сәйкес сыру түсіру арқылы сырмақ ортасынан төртбұрыш шығарылған. Қазақ қол өнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады.

Киізден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар оған оюлап, өрнек салудың табиғи ыңғайлылығын пайдалана отырып, сәндік қасиетін көне заманнан бері кеңінен қолданғанын Пазырық (б.д.д.V ғ.) қорғанынан табылған дүниелер айғақтайды.

Археологиялық материалдарға сүйене отырып, адамзат тарихында Пазырыққа дейінгі аралықта киіз басу өнерінің кәсіби қалыптасып, дамығанына көз жеткіземіз, оларды көркемдік шешімі жоғары өнер туындысы ретінде қабылдаймыз.

Жүннен әртүрлі киіз басып, киіз үйге туырлық, үзік, түңлік, дөдеге және тұрмысқа қажетті еденге төсейтін текемет, сырмақтар, тұсқа ілінетін тұскиіздер мен қап түрлерін жасаған. Киізден жасаған бұйымдар қазіргі заманда халықтың генетикалық мәдени қарым-қатынасындағы байланысты көрсететін дерек ретінде қабылданады. Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы қорында сақтаулы 267 киізден жасалынған бұйымдар – қайталанбас өнер туындысы ғана емес, әлі сыры ашылмаған, толығынан зерттелмеген асыл мұра.

Киізден жасаған бұйымдар 1970-1980 жылдары жан-жақты жүргізілген экспедициялық жұмыстар кезінде молынан толықтырылды.

Әрине, киізден жасалған бұйымдардың ішінде өзінің қанық, ашық түсімен оюлы текеметтер ерекше көз тартады. Мұражай қорындағы текеметтер топтамасы қазақ халқының ертеден келе жатқан киіз басу тәсілінің бар сырын кеңінен меңгеріп, текемет басудағы көркемдік қасиетін толығынан аша білгенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда киіз басу барлық жерде бір тәсілмен орындалады. Киіз басуға арналған ши бетіне бірыңғай түсті жүн қалың етіп тартылып, басқа түске боялған жүннен ою түседі. Сонан соң бетіне ыстық су себіліп, шиге еппен оралады да, әрі-бері домалатып теуіп, нығыздалады. Бұдан әрі киіз әбден «піскенше» бірнеше тәсіл қолданылып, толық біткен кезде текеметті жарқыратып күнге жайып қояды. Киіз бетіне ою жүргізетін шебер ел арасында аса құрметке ие. Текеметті бір күн ішінде басып бітеді. Текемет басу барысында ауыл әйелдерінің басы қосылып, әңгіме-дүкен құрады, сөз алмасып, қазан көтереді, көңіл шалқып, соңы той-думанға айналады. Көне заманнан келе жатқан әр ұлттың өз ғұрпына мән-мағына беріп, өмірдің әр күніне сән бере білген заңдылығы осы жерде айқын көрініс береді. Киіз басу тәсілі бір болғанымен текемет бетіне ою салу әр жерде әртүрлі болады да, жергілікті көркемдік ерекшеліктері анық көрініп тұрады.

Басқаға ұқсамайтын ою салу тәсілімен Шығыс Қазақстан текеметтері бірден көзге түседі.

Шығыс Қазақстан жерінде тәжірибелі шебердің қолынан шыққан текемет бетіне ою бірыңғай жүйелі түрде жіңішке сужиекпен шілтерленіп түсіп, өз шешімін табады.

Сондай жұмыстардың бірі – Семей облысындағы Сәулебекова Қарлығаның туындысы (35-кз). Жалпы оюдың сары түсі текемет бетінің қоңырқай түсімен өте жылы үндестік тауып, үйлесіп жатса, қызыл түсті шаршының жіңішке жолақтары көтеріңкі көңіл лебін сезіндіреді. Жиекке түскен иелерінің аты-жөні жазылған жазулар ою-өрнекпен астасып, бір ырғаққа түседі.

Ал, Әбділдинова Бипан керісінше, өз текеметінде бояуы өте қанық, ашық түстерді пайдалану арқылы көркемдік құрылымын күрделендіре түскен Киіз басу кезінде орнынан жылжып сәл қисық кеткен ою жолдары текеметтің әдемілігін арттырып, бар ою сызықтарын қимыл-қозғалысқа келтіріп жандандырып жібереді.

2.Ши тарту . Қазіргі замандағы витраж жасау тәсіліне ұқсас құрылымдағы Есергенова Қалиманың текеметі – жеке-дара туынды (9-кз). Қанық түстерден құрылған ашық реңдер әуені күнделікті өмірдің өтіп жатқан сұрғылт күндерінде адамды өзіне еріксіз көз тартқызып, көңілін сергітетін қуат құйғандай болады.

Музей қорында көркемдік дәрежесі биік туындылармен қатар, құрылымы бірсыдырғы болып келетін экспонаттарға назар аударсаңыз, олардың әрқайсысынан автордың өзіндік шығармашылық серпілісін байқайсыз. Шебер жұмыс барысындағы киіз басу тәсілі мен табиғи жүннің өзара қарым-қатынасындағы сәндік мүмкіндіктерінің ашылуына еркін жол береді. Текемет бірсыдырғы болып көрінгенімен, табиғилылық пен қарапайымдылықтың үндескен тылсым тынысын сезінгендей боласыз.

Осындай көркем туындылар арасынан өзіндік түр-тұлғасы дараланған Батыс Қазақстанның текеметтерін ерекше атап айтуға болады. Сол текеметтер ішінде көркемдік құрылымы мен түстік үйлесімі өзгеше ақ текеметтер ерекше орын алады

Тұтас бір жүйеде жиналған музей қорындағы әрбір экспонат жергілікті жердің көрнектілік ерекшелігін көрсететін және жеке автордың қолтаңбасы айқын танылатын өнері туындысы ретінде танылады.

Ою-өрнектерінің іріленіп, біртұтастығымен көрінетін Талдықорған облысындағы Дүйсенова Нұрыштың өз уақытының сұранысына сәйкес келетін авторлық шығармашылығы ерекше көзге түседі . 1960-1970-ші жылдары кілем, текемет сияқты тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауда қанық ашық қызыл түсті реңдердің көркемдік үйлесімін пайдалану кеңінен өріс алды. Бұл бағыт Дүйсенованың текеметтерінде белең алған.

Солтүстік Қазақстан облысында техникалық тәсілдердің қолданылуына байланысты қол өнердің кәсіби деңгейі мен көркемдік шешімі ерекше болып келеді. Ши үстіне тартылған жүн бетіне жұқалап басылған талдырма төсеп, оның үстіне боялған жүннен ширатып, тартып ою салады да, ыстық су бүркіп, әрі қарай

текемет толығынан басылып шығады. Осындай тәсілмен басылған текеметтің бірі – Қостанай облысының шебері Құдабаева Рыстайдың текеметі. Текемет оюының сәндік құрылымын келтіруде шебер ашық кеңістікке жол береді. Текемет бетіндегі оюлары – құрамы жылы болып келген қызыл түстің үстінде қалқып тұрғандай әсер етеді. Текемет бетіндегі негізгі ою таза күйінде қалады. Музей қорында Оңтүстік Қазақстанның текеметтері ою-өрнектерінің ірілігімен, бояуларының ашықтығымен ерекшеленеді. Оңтүстік өңірдің Қ. Стыбаева, Б. Романова, М. Ахметова, К. Керімбекова, Т. Сәрсенова сияқты атақты тағы да басқа шеберлерінің өнер туындылары сақталулы тұр. Бұл шығармашылық деңгейі жоғары, рендік үйлесімінде әлемдік танымда жер бетінің қуат көзі болып танылатын күн мен оттың сипатын беретін қызыл және сары түс үстемдік алады. Экспозицияның сәнін келтіріп тұрған Романова Бибайшаның текеметі – алтын қордағы баға жетпес туындылардың қатарында (114-кз). Шебер текеметтің өрнектік шешімін мүйіздерін орталық бөлікке қарай бір бағытта бұрған өте ірі көлемдегі төрткұлақ өрнегі арқылы тауып, оюлардың текемет бетіндегі қозғалыс жүйесін үдете түскен. Романованың халық қол өнерінде киізден басқа да тамаша туындылары музей қорында тұр. Олар: текеметтер мен кілемдер, алашалар мен тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар.

Бір сиқырлы дүние, құпия сырымен өзіне көңіл аударатын Молдабаева Несібелінің қара текеметі үлкен зерттеуді қажет етсе Іляев Ғанидың текеметінің ою құрылымы мен көркемдік танымының мән-мағынасы заттың тұрмыстық қажеттілігінен жоғарытұрғандығынайқындайды. Бүкіл текемет бетіне жайыла тармақталып салынған ою – жан-жағындағы кеңістікті жандандырып, жанға жайлы тиіп, тағылымдық күш береді.

Музей қорында сақталған киізден жасалған бұйымдар ішінде тек қана көркемдік деңгейімен ғана бағаланбай, өзінің ғылыми маңызымен ерекшеленетін сырмақтар жүзден асады.

Халық шеберлері киіздің сәндік қасиетін ұтымды пайдаланып, күнделікті өмірде тұрмысқа қажетті, көшіп-қонуға ыңғайлы әртүрлі қаптар жасаған. Олар аяққаптар, кесеқаптар, төсекқаптар сияқты бұйымдар қажеттіліктен басқа киіз үйдің ішінің сынына әр беріп, көркемдігін айқындап тұратын болған. Пайымдау мағынасы жоғары, өрнектеу құрылымы күрделі аяққап –Есілбаева Күлзаданың шығармашылығындағы шеберліктің шарықтау шыңы болып табылатыны сөзсіз. Қоңырқай киіз бетіне мысыр аңыздарында жиі кездесетін қоңызға өте ұқсас ірі ою түскен. Осы оюды жиектей қаз-қатар жүргізген бірнеше нәзік өрнек жолдары затқа ерекше әсем сипат беріп тұрса, аяққаптың шетіне тігілген шілтерлі шашақтары заттың көркемдік құнын арттыра түседі. Бұл экспонат –өте сирек кездесетін, теңдесі жоқ, құнды туындылар қатарындағы дүние.Каталогта ұсынылып отырған қазақ халқының баға жетпес асыл қазынасы болып саналатын қазақ қол өнері ішіндегі киізден жасалған бұйымдар әлемдік мәдени мұра қатарынан орын алады.

07.02.2022 ж № Q00035

Әлеуметтік педагогтың ата-анамен жүргізілетін жұмыстары

ИБРАЕВА АЙГУЛЬ АМАНГЕЛЬДИНОВНА

*Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы
Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды
балаларға мамандандырылған гимназия-интернаты
Әлеуметтік педагог*

Әлеуметтік педагогтың қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, басқа да нормативтік актілермен құжаттарды, басшылыққа алады. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

Әлеуметтік – педагогикалық қызметтің құрылым

Бұлардың бірлескен қызметі төмендегідей:

- Отбасына әлеуметтік –психологиялық көмек көрсету;
- Отбасы мен балаларға дәрігерлік, психологиялық, педагогикалық кеңес беру;
- Балаларды күйзелтетін даулы мәселелерді шешуге көмектеседі;
- Мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;
- Профилактикалық шаралар ұйымдастыру

Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары:

Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмысына тоқталар болсам, отбасы – жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі өте маңызды институт. Бұл баланың дамуы мен жеке өмір сүру ортасы. Ол мынадай өлшемдермен анықталады: әлеуметтік –мәдени, әлеуметтік –экономикалық. Осыған орай әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жүргізілетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. Педагог пен ата-ананың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндетінің бірі қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік педагог отбасы тәрбиесінің үлгісі, ондағы тәжірибесіне сүйенеді; оны жан-жақты зерттеп, жинақтап таратады; оңды ой-пікірлерді күшейтеді, Сондықтан:

1) тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара сенімділік қарым-қатынастары оңды бағытталған, бірігіп ықпал етудің шешуші және алғашқы шарты болып табылады. Ата-аналардың тәрбиеге көзқарасын жандандырып, табысқа жетуге қажеттілік және өз күшіне сенімділік тудыру үшін дұрыс байланыс орнатудың маңызы зор.

2) Әлеуметтік педагогтың неғұрлым маңызды міндетінің бірі ата-аналарды педагогикалық білім дағдыға, оның теориялық және практикалық ықылымдарын меңгеруіне, әсіресе тәрбиені ұйымдастыру шеберлігіне жетілдіру болып табылады. Жұмыла педагогикалық әрекет етудің мұндай нәтижесі ата-аналардың өз баласына ғана емес, сонымен қатар біртұтас сынып оқушыларын тәрбиелеу белсенділігіне әкеледі. Әлеуметтік педагог пен ата-ана әріптестер ретінде бірін-бірі толықтырады.

Әлеуметтік педагогтың отбасымен бірлесе әрекет етуін ұйымдастыруы мына мүмкіндіктерді тудырады:

- Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуде этнопедагогикалық потенциалын анықтау мақсатында отбасы мен туысқандарын зерттеу;
- Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуге қажетті ата-аналардың адамгершілік, әлеуметтік мүмкіндіктері принципін қарай отбасыларын топтарға бөлу;
- Халықтық педагогика дәстүрлері негізінде әлеуметтік педагог пен ата-аналардың бірлесе әрекет ету бағдарламасын жасау;
- Өзара тәрбие қызметіндегі ағымдағы және ақырғы нәтижелерді зерттеу;

Отбасыларды 5 топқа бөлуге болады:

1. Жоғары адамгершілік этномәдени қарым-қатынастағы отбасылар. Салауатты өмір салты, моральдық, атмосфера қалыптасқан, балалар өз қабілеттерін дамытуға толық мүмкіндік алатын отбасылар
2. Ата-аналардың қалыптасқан ережеге сәйкес қарым-қатынаста болуымен сипатталатын отбасылар. Бірақ олар тәрбиенің оңды бағытын қамтамасыз ете алмағандықтан педагогтың көңіл аударуына мәжбүр.
3. Дау жанжалмен өз қарым-қатынастарын реттей алмайтын, балаларына көңіл аудармайтын отбасылар. Мұндай отбасының дау-жанжалы көп уақытқа созылып, баланың азғындығына, мінез ауытқушылығына апарып, отбасын тастап шығуға мәжбүр етеді. Оқу үлгерімі нашар болып, сабақтан қашады.
4. Сырттай сау көрінетін отбасы. Бірақ іштей рухани азғындық жайлаған шынайы адамгершілік құндылықтары жоқ, ұрпақтың сезімталдық қасиеті бұзылған. Бұл отбасыларынан шыққан кейбір жасөспірімдер өз отбасының сыртқы «бейнесін» жақсы көрсете білетіндіктен, мұндай балалармен тәрбие жұмысын жүргізу аса қиындыққа түседі.

5. Қалыптаспаған (жағдайы нашар) отбасылар, дау-жанжалды, бейморальді мінез-құлықта, сотқарлық, қатыгездік орын алған. Баланы қорғау үшін әлеуметтік педагогтың мұндай отбасына үнемі көңіл аударып отыруы, қоғамдық ықпал көрсетуді немесе белсенді араласуы қажет.

Әлеуметтік педагог ретінде жыл бойы ата-аналармен мынадай шаралар ұйымдастырдым. Мектептің жалпы ата-аналар конференциясында «Тұлға қалыптастырудағы құқықтық тәрбиеге байланысты отбасының ролі мен қызметі» атты баяндама оқылды.

Республикалық «Сенің құқығың – менің құқығым» атты онкүндікте ата-аналар арасында құқықтық ағарту және ақпараттандыру іс-шаралары, соның ішінде конвенцияның қағидаларын, еліміздегі балалар жағдайын жақсарту үшін жасалып жатырған іс-шаралар жөнінде түсініктерін молайту мақсатында «Сенің құқықтарың мен міндеттерің», «Отбасы қарым-қатынастар үндестігін қалай құруға болады?» атты сұхбат сағаты жоғары сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен өткізілсе, «Үйдегі бақытқа бөленген бала – бақытты бала» атты дөңгелек үстел бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен өтілді. Еліміздің тәуелсіздік мерекесінің тойлануына орай «Тәуелсіздік – ел дәулеті» атты ауылдағы мекемелер арасында кездесу сағаты өтті. Онда әр мекемеден қатысушы топтар салт-дәстүрден көрініс, тәуелсіздікті бейнелейтін композиция құру, сұрақ-жауап тапсырмаларын орындауда сайысты.

Әр сыныптың оқу жылы басында сайланған ата-аналар комитеті мүшелерімен де жұмыстар жасалады. Олармен бірге «Өрлей бер өркенитке, өсер елім!» атты кездесу сағатының мақсаты ата-аналардың мектеппен байланысын жақсарту, ата-аналар комитетінің жұмыс жүйесін жетілдіру болған. Әрбір шара барысында ата-аналарға балаға тәрбие берудегі жауапкершіліктерін жетілдіру мақсатында көмек ұйымдастырылады, яғни түрлі тапсырмалар беріліп отырды. Ата-анамен жұмыстың мақсаты қойылғанмен, одан күтілетін нәтиже:

1. Ата-ананың бала тәрбиесінде жауапкершілігін арттыру;
2. Ата-ана бала құқығын, өз құқықтарын қорғауды пайдалануда кәсіби сауаттануы;
3. Ата-ананың психологиялық, педагогикалық тұрғыдан сауаттылық деңгейінің жоғарылауы;
4. Ата-ананың мектеппен, сыныппен қарым-қатынасының жақсаруы;
5. Баланың зиянды әдеттерден аулақ болуына жауапкершілігі жоғарылауы, яғни ата-ана баласына салауатты өмір салтын үнемі насихаттауы.

07.02.2022 ж № Q00032

Тігін машиналарының шығу тарихы

ТАУКЕНОВА АЙЖАН РАХАТКАНОВНА

*Алматы облысы Қаскелең қаласы
«В.Г.Белинский атындағы орта мектеп» КММ
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі*

1.1 Тігін машиналарының шығу тарихы.

Тігін машинасын ойлап табу тарихы үлкен қызығушылық білдіреді.

15 ғасырдың соңында ең алғашқы болып Леонардо да Винчи тігін машинасының жобасын ұсынады, бірақ ол жүзеге аспай қалады. 100 жыл өткеннен кейін 16 ғасырдың аяғында ағылшындық Уильям Ли әйелінің бізбен тоқыған қолының қимылын ықыласпен байқай отырып, тоқыма машинасын ойлап шығарады. 1755 жылы неміс Карл Вейзенталь қол тігісінің көшірмесін жасайтын тігін машинасына патент алды.

1790 жылы ағылшын Томас Сент етік тігетін тігін машинасына патент алады, машина қолмен қимылға келтірілді және етік бөлшектері инеден қолмен ығыстырылатын еді, ине жылжытқыш тік жазықтықта қайырма-үдемелі қозғалыс жасайтын.

1808 жылы ағылшын Т.Сент, Д.Пири тігіншілерге арналған жеңіл сөгілетін ілмекті түзу тігісті тігін машинасын ойлап шығарды. 1829 жылы француз Б.Тимонье бір жіпті ілмек тігісті тігін машинасын ойлап шығарды. 1834 жылы американдық Уолтер Хант қайықты құрылысы және ине көзі ұшталған тігін машинасын ойлап шығарды, бұл бірінші қайықты тігін машинасы еді, онда жоғарғы және төменгі жіп қолданылады. Мұндағы бір кемшілік, шөлмек механизмінде төменгі жіпті тартып реттегіші болмады. 1843 жылы У.Хант және Б.Бин қисық ине қолданылатын тігін машинасын ойлап шығарды. 1844-1845 жылдары американдық Элиос Хоу қайықты тігін машинасына патент алды, бұл тігін машинасында мата арнайы жылжытушы тұтқа түйреуіштеріне тігінен қадалып орнатылады және бір түзу бағытпен алға ғана жылжитын доға тәрізді ине көлденең жазықтықта қозғалады, ал қайық тоқу станогының қайығы сияқты алға-артқа жылжып отырады. Кейіннен тігін машинасын ойлап табушылар мұны жетілдіре түседі. 1850 жылы Алена Вильсонның және Гиббстың, 1851 жылы Исаак Зингердің тігін машиналарында ине тігінен орналастырылған, мата табанмен көлденең платформаға қысылып жылжитын болады, ал мата тісті дөңгелек көмегімен, соңыра тісті пластинка (рейка) көмегімен жылжыған. Исаак Зингердің ойлап тапқан тігін машинасы қазіргі заманғы тігін машиналарының түріне келтірілді.

Осы кезеңде Еуропада тігін машиналарын шығаратын өндірістер пайда бола бастады. Тігін машиналары АҚШ-тан Азия құрлығына жеткізіле бастады. 1877 жылы Жапонияға жеткізілді. 1850 жылы Исаак Зингер өзінің фирмасын ашты. Хоудың тігін машинасына жаңалықтар енгізе отырып, тігін машинасын шығара бастады. 1870 жылы «Зингер» тігін машинасын шығаратын алып фирма Америкада ғана емес, дүние жүзінің басқа мемлекеттерінде де филиалдарын ашты.

Патшалық Ресейде тігін машинасы өндірісі болмағандықтан, құрал-жабдықтары шетелдерден алып келінген. Мысалы, Подольскі қаласына шетелден алып келінген «Зингер» тігін машинасының бөлшектерін құрастыратын шеберхана ашылды, онда жылына 600 мың тігін машинасы шығарыла бастады.


Ұлы Қазан социалистік революциясынан кейін ғана отандық тігін машинасын жасайтын өндіріс орындары пайда бола бастады. Сөйтіп, КСРО-да тігін машинасын жасау зауыттарының құрылысы басталды. Қазіргі кезде тігін машинасы өндірісі жоғары сапалы және жоғары өнімді құралдармен жабдықталған және одан әрі жетілдіріліп келеді. Қазіргі заманғы тігін технологиясының өркендеу талаптарына сәйкес ең басты экономикалық мақсат-қоғамдық өндірісте дүниежүзілік ғылым мен техника жетістіктерін қолдану, өндірістің тиімділігін көтеру, еңбек өнімділігінің одан әрі өсу жолдарын іздестіру, халық шаруашылығының тұрақты өркендеу қарқынын көтеру, әлеуметтік жағдайды жақсарту, өндіріске жаңа технология жетістіктерін енгізу арқылы және өндірісті механикаландыру, автоматтандыру арқылы тігін бұйымдарының саны мен сапасын көтеру көзделіп отыр.

1.2 302 кл машинасы жэәне оның жұмыс жасау механизмдері

302 кл машина жеңіл киімдерді дайындауда жеңдерді қондыруға арналған машина. Бұл машина Подольск зауытынан шығарылған. Бір тігісті түзу шөлнекті айқаспалы тігіс жасайды. Жұмыс істеу принципі 1022М кл машинаға ұқсас болып келеді.

Техникалық сипаттамасы


Негізгі біліктің айналымы	_____	2000айн/мин
Тепшім ұзындығы	_____	1,2-3мм
Табанның көтерілу биіктігі ине пластинасынан	_____	7мм
Қысу кезіндегі матаның қалыңдығы	_____	3мм
Қондыру кезіндегі жоғарғы қабаттың тепшім ұзындығы	_____	2,5мм 25%
Ине нөмірі	_____	0203 №75-100



302 кл машинаның конструктивті схемасы

Ине механизмі

Тебен ине қозғалыстар қайтарымды-ілгерлемелі тігінен тетік арқылы негізгі біліктен кривошип-бұлғақты алады. 11-ші (5-ші сурет) негізгі білік 14 және 15 және шарикоподшипниккі екі сырғанау мойын тіректеріндегі 13 айналады. Бұл біліктің аяғы реттегіш доңғалақтың бұрандаларымен айналады. Екі бұрандаларды негізгі білікті сол аяқта 10-ші кривошип бекіткен. Кривошипты саңылауға 16-шы бұранда бекітілген саусақ орнатылған. 17-ші шатун үстінде екі басты алады. Екінші бас жіп тартқыш, төменгі бұлғақ бастиегінің саңылауына тетікке қозғалыстың берілуі үшін қажетті 4-ші бұрандасымен 6-шы шеңбер бағыттаушы төлкелеріндегі 3 қозғалатын жүргізуші бекіткен 5-ші қамыты бар түйрегіш қойылған. 8 жеңде бұранда бекітілген машиналар кигізілген топсалы саусаққа шеңбер сияқты. 3-ші шеңбер жылжымауы керек, сондықтан оны машина тұрқысына 19-шы 18, бекітілгенілген бұрандасымен 1-ші бұрандасымен және пластинасымен бекітеді. Ине жүргізуші бұранда арқылы 2-ші бұранда өткізген қуыс тұрбаны ол төменгі аяқта 20-ші ине қысқыш бекіткен болады жүргізушімен тұйықтаған. 22-ші тебен ине ине қысқышта 20 бекіткен.




302 кл машинаның жіптартқыш және ине механизмінің схемасы

Жіптартқыш механизмі

Машинаның жіптартқыш тетік реттелмейтін кулиса. 9 жіптартқыш тетік жүргізушінің 8 шеңберін топсалы саусаққа киінген. Оны бұл ұқсас конструкцияның бұрын қазіргі жіптартқыштардан айырмашылығы болады.

Шөлнек механизмі

Машинада шпулдержателя отводчигі бар орталық - шпуль қайығы қолданған. Қайық негізгі біліктен көлденең жазықтықтағы айналма қозғалыс 1 алады.




Төменгі матаны жылжыту механизмі

Тепшім ұзындығын қол жетегінің айналуымен реттеледі.(1).Төменгі рейканың(13) орын ауыстыруының горизонтальды түрде өзгеруімен , рычаг (2)жұдырақшаның көмегімен айналмалы қозғалыс алады. Қол жетегінің сағат тілінде айналу кезінде тепшім ұзындығы ұлғаяды. Төменгі рейканың көтерілу биіктігі винттың(8) әлсіреуінен кейін инелі пластинаның деңгейінде коромысланың(9) айналымымен реттеледі.

Егер рейканы машинаның платформасына қатар орналастыру үшін , екі әлсіреген винттан (14)кейін валлдың(16) орын ауыстыруында төменгі рейка


тістерінің қалпы ине пластинасының пазасында коромысланың(15) айналуымен реттеледі

Рейканы платформадан жақын орналастыру үшін винттан басқасын , винтты(8) және коромысланы (15,9)әлсіретеді, валлдан (5,16)жақын орналастырады.Төменгі рейканың (13)көтерілуі екі тығыз винттың(19) әлсіреуінен эксцентриктің (18)айналуынан пайда болады.



1.3. 97А әмбебеп машинасы

Орша «Легмаш» зауытында шығарылған.Бұл машина мақта матасы,зығыр,жібек және жүннен жасалған маталарды тігуге арналған.Сонымен қатар,осындай маркалы машиналармен пальто астарының бүйір қиықтарын қайып тігуге болады.



Машинаның техникалық сипаттамасы

Машинаның габариті,мм

Ұзындығы,мм-1100

Ені,мм-650

Биіктігі реттеледі

Электр қозғаушы кернеу,В-220/380

Қуаты,кВт-10,37

Жиілігі,Гц-50

Машина салмағы,кг-1108

Ұзындығы,мм-476

Ені,мм-178

Ине 75,90,100,110/ГОСТ 22249-82,0052-02

Бір сызықты қайықты айқаспалы тігісті машина.

Айналшақты - бұлғақты ине механизі бар.Қайық - орталық шөрікті.Жіптартқыш - айналмалы.Мата - қозғалтқыш рейкалы.Машинаны майлауы автоматтандырылған.

Негізгі біліктің максималды айналу жиілігі,теп мин-5500

Тепшім ұзындығы,мм-2,0-4,0


Табанның көтерілуі,мм-6

Матаның тігілу қалыңдығы,мм-4

Машина- электр жетекті.Негізгі білік қозғаушы дөңгелек арқылы айналады.

Айналу жиілігі 5500 теп.мин дейін жетеді.Негізгі білік үш подшипникте айналады.

Жоғарғы жіпті сабақтау тізбегіне байланысты бөлшектер нөмірленген.




Жоғарғы жіп бобинадан немесе катушкадан жіпбағыттаушылардың үш саңылауынан өткізіледі.Сосын жоғарыдан төмен фронталь тақтайшасының саңылауынан өткізіледі.Саңылаудан өткеннен кейін жоғарғы жіптің керуін реттеуіш шайбаларының арасынан өткізіледі,содан кейін жіпбағыттауыш серіппенің ілгегінен өткізіледі,одан кейін стерженьнің жіпбағыттаушыға жіпті енгізіп,жіптартқыштың жұдырақшасына іледі.Содан кейін жіпті төмен жүргізеді және жіпбағыттаушыға сабақтайды.Ине көзіне жіпті солдан оңға қарай сабақтайды.Жіптің соңын 8-10 см бос жіберу керек.Мұндай ұзындық төменгі жіпті ине пластинасы саңылауына шығару үшін қажет.

Қайық жиынтық қозғалыс механизі.


Қайықтың білікке бекітілуі:

1. негізгі төлке
2. тірек бұрандасы.
3. бұранда
4. бұранда
5. қайық
6. қайық тұмсықшасы
7. жалғауыш



Қайық білігі және қолалы төлкелерде айналады. Сол жақтағы және оң жақтағы төлке негізгі төлкеге нығыздалып орнатылған. Суреттен көргендей, негізгі төлке машина платформасының ішінде бұрандамен бекітілген.

Сол жақ қайық білігінің соңында қайық жинағы екі бұрандамен бекітілген, қайықтың ішіне шөлмекұстағыш салынады.



1. негізгі білік
2. бұранда
3. қайық
4. қондырғы пластина
5. пластинаның саласы
6. шөлмекұстағыш науашасы
7. шөлнекұстағыш

Шөлнекұстағыш қайық ішіне қойылады және қайыққа екі бұрандамен бекітілген жартылай сақина арқылы ұсталынып тұрады.

Шөлнекұстағыш айналып кетуден пластинаның қондырғы саласы сақталады.

1.

4. Тігін машиналарының инелері

Барлық шөлнекті тігін машиналарына 130/705H стандартты тігін инелері, арзандау тұрмыстық торлау тігін машиналарға HAx1SP стандартты инелер, ал қымбаттау модельді машиналарға ELx705 стандарттағы инелер қолданады. торлайтын инелер тігін машиналардың инелерінен құлағының өлшемімен ерекшеленеді. Ең мықты ине ретінде неміс компаниясы Schmetz шығаратын инелер болып саналады. Жақсы инелер сонымен қатар Organ Needles компаниясы өндіреді.

Ине номері.

Иненің аталуында қолданылған номер иненің қалыңдығын (диаметр) білдіреді.

Иненің қолданылуы.

Иненің аталуындағы әріптер иненің қайда қолданылатынын білдіреді. Мысалы, 130/705H-M атты ине жұқа тығыз маталарға арналған.

H әмбебап инелер. Әмбебап инелер қарапайым тігіс жасайтын қырсық емес маталарға арналған.

H-J инелер тығыз маталарға арналаған. Инелер қалың, тығыз материалдар, яғни джинсы, саржа, брезент т.б маталарды тігуге қолданады.

H-M микротекс инелер. Микротекс инелер өте өткір және жіңішке болады. Бұл инелер нақты микро талшықты, жіңішке және тығыз материалдарды, яғни жібек, тафта және т.б маталарды тігуге арналған.

H-S инелер эластиклық маталарға арналған. Инелер орташа тығыздықты тоқыма және синтетикалық маталарды тігуде қолданады.

Инелердің екі түрі болады: біреулік және екеулік (үшеулік). Қорапта және инеде көрсетілген сан иненің қалыңдығын білдіреді. Екеулік инелерде бірінші саны инелер арасындағы миллиметрлі арақашықтығын білдіреді, екінші саны ине қалыңдығы. Тігістің нашар сапасын төмендету үшін инелерді әр 10-12 сағатты тігістен соң немесе екі бұйым дайындап болғаннан соң ауыстырып отыру керек. Сонымен қатар инені таңдағанда сол матаға арналған иненің номерін

қолдануды ұмытпау қажет. Ереже бойынша жіңішке инелер мен жіптер жұқа маталарды тігуге, ал қалыңдау ине мен жіп ауыр маталарды тігуге қолданады. Үстіңгі және астыңғы жіп бірдей болу керек.

Қорытынды

Бұл курстық жұмысымызда біз тігін кәсіпорындарында тігін машинасы туралы жалпы мәлімет, оның қандай тігісдер жасаудың жаңа әдістері мен жүйелерімен танысып, соның ішінде инелердің түрлері мен механизмдерімен таныстық. Сонымен әрбір тетіктің жұмыс жасау механизмдеріне зерттеу жүргізілді. Олардың әр материалға байланысты әртүрлі жұмыс принциптерімен таныстық. Сондай-ақ құрылысы мен техникалық сипаттамаларымен, олармен жұмыс істеу жолдарын және де қауіпсіздік ережелері мен әртүрлі жаңа үлгідегі машиналарды оқып білдік.

Қолданылған әдебиеттер.

1. В.В.Исаев «Оборудование швейных предприятий» М., 1989.
2. Голубкова А.С., Филимоненкова Р.Н., Шайдарова М.А. и др. «Подготовительно-раскройное производство швейных предприятий». – Мн.: Выш.Шк., 2002
3. Ермакова А.С. «Оборудование швейных предприятий».- М.: Издательская центр «Академия», 2003
4. А.Оралбекова, С.Әбдіжаббарова. «Тігін өндірісінің жабдықтары». «Фолиант» баспасы, 2011
5. Б.Р.Рысқұлова, М.Ж.Ералиева, Қ.А.Зұлхарнаева «Тігін технологиясы бойынша зертханалық практикум». Алматы 2011.

Q00038 08.02.2022 ж

Баға. Сан. Құн. Ұлттық кәдесыйлар дүкенінде

ДОСЫБАЕВА САЯ БОЛЫСБАЕВНА

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы "№28 ЖББМ" КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 3В тарауы: Көбейту және бөлу. Есептер		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	2.5.1.2 – Есептерді шығару барысында «баға», «мөлшер» (сан), «құн» шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану	
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: «баға», «сан», «құн» ұғымдарын біледі. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Есеп шығаруда «баға», «мөлшер» (сан), «құн» шамаларының арасындағы тәуелділікті пайдалануды, 200, 500 теңгелік купюролар мен монеталарды ажыратуды және олармен түрлі операциялар жүргізуді біледі. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: «Баға», «мөлшер» (сан), «құн» ұғымдарына байланысты есептер құрастырады және шығарады.	
Бағалау критерийлері	Есептерді шығару барысында «баға», «мөлшер» (сан), «құн» шамаларының өзара тәуелділігін пайдаланады.	
Тілдік мақсаттар	«Баға», «Сан», «Құн»	
Құндылықтарды дарыту	Еңбексүйгіштікке, үнемділікке тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыстар	Музыка, қазақ тілі, көркем еңбек, дүниетану	
АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақтадан теңге туралы бейнефильм қарау, сергіту сәтіне әуен қосу	
Бастапқы білім	Теңге, купюра, монета және қағаз ақшаны ажырата алады.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру Оқып, білім аламыз,	

	Біз көңілді баламыз. Математика пәнінде Тапқыр, алғыр боламыз. Топқа бөлу. «Баға», «Сан», «Құн» топтарына бөлінеді 3 оқушыға 500, 200, 100 теңгелік купюралар мен монета беріледі. Сол 3 оқушы қалған оқушылардың қолдарындағы купюралар мен монеталардан өз қолдарындағы купюраларды жинақтайды. 1-топ «Баға» (500 теңгелік купюра=100,100,100,100,50,50) 2-топ «Сан» (200 теңгелік купюра=50,50,50,20,20,10) 3-топ «Құн» (100 теңгелік монета=20,20,20,20,10,10) Сабағымыздың шарты: Тәртіп.Шуламау. Қол көтеріп қана жауап беру. Бірімізді біріміз тыңдау, сыйлау. Уақыт лимиті	Теңге, монета суреттері  А4 ілініп тұрады.
Ортасы	Ой қозғау. «Баға», «Сан», «Құн» сөздерінің бір-бірімен қандай байланысы бар? Ақша не үшін қажет? Еліміздің валютасы қалай аталады? Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге деп аталады. Елбасымыздың 1993 жылғы 15 қарашадағы жарлығымен айналымға енгізілді. Суретпен жұмыс - Арман қайда келді? - Дүкеннен не алды? - Бір қарындаш бағасы қанша? - Бағасы- 20 тг. - Неше қарындаш сатып алды? - Саны- 2 - Сатып алған 2 қарындашқа неше теңге төледі? - $20+20=40$ (тг) $20 \cdot 2= 40$ (тг) Құны: 40(тг) $Q=B \cdot C$	Оқушылар өз ойларымен бөліседі. Тақтада формулалары А4 ілініп тұрады.

Бағасы	Саны	Құны
20 тг	2	?




Сатып алынатын заттың құнын білу үшін, тауардың бағасын оның санына көбейту керек: $Қ = Б * С$

Бағасы	Саны	Құны
20 тг	?	40



Сатып алынған заттың санын білу үшін, тауардың құнын бағасына бөлу керек: $С = Қ : Б$

Бағасы	Саны	Құны
? тг	2	40



Тауардың бағаасын білу үшін, құнын тауардың санына бөлу керек: $Б = Қ : С$

Жүппен жұмыс. Кесте бойынша өрнектер құрастырып, мәндерін табады.

Тауар	Бағасы	Саны	Құны
Қарындаш	5 теңге	6 дана	? теңге
Дәптер	? теңге	3 дана	27 теңге
Өшіргіш	8 теңге	? дана	24 теңге

Дескриптор:

Заттың құнын табады

Заттың бағасын табады

Заттың санын табады

«Кәдесыйлар дүкені» ойыны

Оқушылар қағаздан киылған ақшалар мен монеталарды пайдаланып, сөредегі кәдесыйларды сатып алады.

Кәдесый дегеніміз не?

Дескриптор:

Қандай қағаз ақша және монеталармен жинауға болатынын айтады.

Ақшамен төлем жасауды біледі

Топтық жұмыс.


Оқулық ,
дәптер,
калам.



Тақтада
500, 200,
100, 50
теңгелік
купюра
мен

Кесте бойынша есептер құрастырып, оларды шығар.

1-топ

Болғаны	Сатып алынды	Қалды
	 600 тенге	? тенге

2- топ

Болғаны	Сатып алынды	Қалды
	 300 тенге	? тенге

3-топ

Болғаны	Сатып алынды	Қалды
	 700 тенге  200 тенге	? тенге

Сергіту сәті

Әуенге билейді.

Жеке жұмыс.

Теңдеулерді шеш.

$$85-x=35$$

$$27+y=92$$

$$61-x=12$$

«Ыстық орындық» әдісі арқылы тексеру

монеталар және киіз үй, домбыра, қуыршақ, түйе және қобыз суреттері ілініп тұрады.

Оқулық, постер, түрлі түсті қарындаш тар.

Жеке отырып шығарады.

	«Бинго» ойыны. Деңгейлік тапсырмалар Джекпот ұтып алған оқушы марапатталады.  Мәнін тап: 3 : 9 = 5 : 2 = Б И Н Г О Дымбілмес ойлаған санды 2-ге арттырғанды 8 шықты. Дымбілмес ойлаған санды тап. Жауап: ДЖЕКПОТ Төрт тышқанның құлағы нешеу? Жауап:	Ыстық орындыққа арналған орындық Түрлі түсті қағаздан қиылған бинго лотереясы
Соңы	Қорытынды. «Цифрлы диктант» Оқушының аты-жөні: _____ Цифрлы диктант (Дұрыс тұжырымға – 1, дұрыс емес тұжырымға – 0) 1. Заттың бағасын табу үшін заттың құнын санына бөлу керек ____ 2. Заттың құнын табу үшін заттың санын бағасына көбейту керек ____ 3. Заттың санын табу үшін құнын бағасына көбейту керек ____ Бағалау «Кәдесыйлар» арқылы Оқушылар сабақ бойына жинаған кәдесыйларын санайды. Рефлексия Смайликтер арқылы білдіру Керемет – барлық тапсырмаларды қатесіз орындаған Жақсы - аздап кемшілік жіберген Талпын - әлі көп жұмыс жасау қажет Үйге тапсырма: №4	Қағаздан қиылған карточка 

Q00029 07.02.2022 ж

АМАНБАЕВА ҰЛБОЛСЫН АМАНБАЙҚЫЗЫ

*Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы.
«Балауса» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі.*

Білім беру саласы: Таным . Шығармашылық

Бөлімі: Математика негіздері . Жапсыру

Тақырыбы: «Уақыт. Уақытты бағдарлау»«Таң,кеш,күн,түн»»

Мақсаты: Уақытты бағдарлау «таң,кеш,күн,түн»туралы түсінік беру.

Міндеттері: Балаларға тәулік бөлігін үйрету,дұрыс ажыратып атай білуге машықтандыру.

Дамытушылығы: Тәулік бөлігіне арналған дидактикалық ойыны арқылы балалардың есте сақтауы мен танымдық қабілетін дамыту.

Тәрбиелігі: Уақытты дұрыс үнемдеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, сергіту, ойын, жұмбақтар.

Көрнекілігі: Тосын сәт, суреттер, әр балаға тәулік бөліктері салынған суреттер, шар.

Билингвальды компонент: Таңертең-утро, күндіз-днем, кеш-вечер, түн-ночь.

Мотивациялық -қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Бақшамызға барғанда.

Жолыққан бар жандарға,

Ертемен ақ пейілмен.

«Қайырлы таң» деймін мен,

Күндіз де елді елеймін.

«Қайырлы күн» тілеймін,

Үйге кешке келемін.

Не дерімді білемін,

«Кеш жарық» деп кіремін.

-Жарайсыңдар, балалар. Ендеше жақсы көңіл күймен оқу қызметімізді бастайық!

-Балалар кәне 2- топқа бөлініп алайық, ол үшін мына тарелкадан айдың немесе күннің суретін алайық. Қай балада ай, қай балада күн болса, сол суреті бойынша орынымызға жайғасамыз.

Ұйымдастырушылық – ізденушілік

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз

Күз айларын айтып беріңдерші .

Қыркүйек, қазан, қараша.

Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын, мына шарларды ала келдім.

Бұл шарлардың түстері әртүрлі. Бұның ішінде қызықты тапсырмалар жасырынған екен? Біз оны оқу үшін шарларды таңдап аламыз, сосын жарып ішіндегі сұрақтарға жауап береміз.

1. Жұмбақ шешу

Күн шығып нұрын шашады,
Балалар бақшаға барады. **(таң)**

Балалар бір сәт ойланып көрейікші. Бізге жылу сыйлап жарық беріп тұрған не деп ойлайсыңдар?

3. Ән айтамыз күлеміз,
Апай сау бол – деп,
Үйге қарай кетеміз. **(кеш)**

Тосын сәт:

Есіктен Тапқышбек кіреді, қолында конверті бар.
Таптым, таптым!

Сәлеметсің бе, сен кім боласың?

- Мен Тапқышбекпін! Мен математика патшалығынан келдім. Мен сендердің білімдеріңді тексергелі келдім.

Мына конвертте сұрақтар мен тапсырмалар бар.

Тәрбиеші балаларға конвертті ашып, ішіндегі тапсырмаларды оқып береді.

1-тапсырма. Мен сендерге жұмбақ жасырайын, сендер жауабын табыңдар.

Серуеннен қайтамыз,

Тамақ ішіп аламыз.

Біз тәртіпті баламыз,

Тәтті ұйқыға батамыз. **(түс)**

Піл мен аю ұйықтайды,

Ұйықтайды қояндарда,

Бәрі ұйқыға жатады,

Бұл қай кезде болады?. **(түн)**

- Ол не екен? Кім біледі?

2-тапсырма. Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. Менде неше доп қалды? 3. Қоянда неше құлақ бар?

4-тапсырма. «Сөздік ойын» Тәулік бөліктері туралы.

- Біз түнде ұйықтаймыз, ал жаттығуды, жасаймыз.

- Таңғы асты таңертең, ал түскі асты, ішеміз

- Кешке кешкі асты ішеміз, ал ұйықтаймыз.

- Ал енді балалар, тәулікті ретімен атап көрейікші.

Тәрбиеші: - Тапқышбек бүгін біз тәулік туралы әңгіме қозғағалы жатыр едік, сен дәл келдің. Сен біздің балалардың әрі қарай білімін білгің келсе отыра ғой.

Бір тәулікте төрт мезгіл болады. Олар: таңертең, күндіз, кеш, түн деп аталады.

Иә, балалар, күн ұясынан шығып, таң атып келе жатқан уақытты «таңертең» деп атаймыз.

- Қане, «**таңертең-утро**» деп қайталайық.
- Қараңдаршы таң көкжиектен атып келе жатқан сияқты күн шығып келеді. **(жартылайкүн)**. Күн жылжып толығымен ортаға шығады.
- Қараңдаршы, күн бір орында тұрмайды екен, жайлап жылжып келе жатқан сияқты. Күн толық аспанға көтеріліп бізге бар сәулесін шашып тұр.
- Міне, бұл кезді біз «түс» дейміз немесе «күндіз» дейміз.
- Балалар, күнді біз толығымен көріп тұрмыз ба? Күн қайда тұр? Күннің пішіні қандай екен? Ал жиегіндегі күннің шуағы қандай пішінге ұқсас?
- Балалар, күн аспанда нешеу екен?
- Ал, бізге шашатын шуағы аз ба, әлде көп пе екен?
- Ал , күндіз сендер не істейсіңдер?

Сергіту сәті:

Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір.
Сағаттың тіліндей,
Иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай ақ.

- Балалар қараңдаршы күн жылжып төмен түсіп келеді,яғни ұясына батуға жақындап қалыпты. Біз бұл мезгілді «кешкі мезгілі» деп атаймыз.

- Балалар біз кешке не істейміз?

Ал енді міне күн ұясына батты. Бұл мезгілді «Түн» дейміз.

-Түнде аспаннан нені көреміз? Айдың жанында нелер бар? Ал жұлдыздар көппе, әлде аз ба? Олай болса бәріміз тәтті ұйқыда боламыз.

- Міне, балалар тәулік бөліктерімен таныстық.

Тәрбиеші: Тапқышбек, балалар сенің тапсырмаларыңды дұрыс орындады ма, сұрақтарына жауап берді ме, көңілің толды ма, біздің балаларға.

Тапқышбек: Өте білімді балалар екенсіңдер.

Дидактикалық ойын

Балалар, енді «Бұл қашан болады?» ойынын ойнаймыз.

Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу.(Алдымыздағы өзіміздің іс-әрекетіміз бейнеленген суреттерімізді қойып шығамыз).

Балалар шарды таңдайды, себебін айтады.

Таңертең үлкендер жұмысқа, ал балалар мектепке, балабақшаға барады. Күндіз үлкендер жұмыс істейді, ал балалар сабақ оқиды, кешке бәрі демалады, ал түнде ұйықтайды .Жұлдыздар аспанда көп

Рефлексивті – түзетушілік

Ал, балалар Тапқышбекпен қоштасайық.

- Тәулік бөлігімен танысып,оларды атай білдік пе?

- Қонаққа бізге кім келді?

Тапқышбектің тапсырмаларын орындадық па?

Ойын сендерге ұнадыма?

Балаларды күн бейнесімен бағалау.

Тапқышбекпен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Уақытты бағдарлай біледі;

Игереді: Тәулік бөліктерін ажырата білуді игереді;

Меңгереді: Тәулік бөліктерін үнемдеуді меңгерді;

№ Q00028 05.02.2022 ж

Сауат ашу әлеміне саяхат

БАЗАРБАЕВА ЗУЛЬФИЯ АЮКЕЕВНА

Ақтөбе қаласы

«Ақ-Нұр» балабақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі:

Сауат ашу негіздері, сөйлеуді дамыту, сурет салу.

Тақырыбы: Сауат ашу әлеміне саяхат.

Білімділік міндеті: Өткен әріптер мен дыбыстардың жазылуын, оқытуын пысықтау, байланыстырып сөйлеуге үйрету, жазуға қолдарын жаттықтыруды жалғастыру. Сөз, буын, сөйлем тақырыптарын қайталау. Тірек сызбалар арқылы сөйлемдер құрастыру, ребус, сөзжұмбақ шешу;

Дамытушылық міндеті: Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын, сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту;

Тәрбиелік міндеті: Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа баулу. Таза, ұқыпты жазуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: әріп қималары, әр балаға жеке касса, үлестірмелі суреттер, маркер, тірек сызбасы, карточкалар, цифрлар, үн таспа, айналар.

Әдіс-тәсілдер: Өңгімелесу, сұрақ-жауап, АТК.

Тілдің үштұғырлығы: дыбыс – звук, сөз ойлау- придумать слово, саяхат- путешествие, сөйлем- предложение, тапсырма- задание, әтеш – петух

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Мотивациялық-қозғаушылық:

-Сәлеметсізбе!

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты,
Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, қайырлы күн!

-Балалар бүгін мен сендерді сауат ашу әлеміне саяхатқа шақырамын, онда кішкене шағын елдер бар екен, сол елдерде өздерінің сиқыршылары бар, олар әр түрлі сұрақтар мен тапсырмаларды бергенді ұнатады.(әр тапсырманың қасына сиқыршы бейнелерін қою)

Ал саяхатқа қандай көлік түрлерімен баруға болады?

-Автобус, жеке көлік, ұшақ, пойыз, жолаушылар кемесі, су көлігі.

- Балалар саяхатқа қандай көлікпен аттанатынымызды 1 саны бар тапсырманы орындағанда білетін боласындар.

Енді орнымызға отырып, 1 саны бар тапсырманы орындаймыз ,нүктелерді бір-біріне қосамыз.

Балалар қарындашпен нүктелерді бір-біріне қосып кемеңіздің сұлбасын алады.

-Саяхатқа немен аттанады екенбіз?(Экраннан кемеңіздің суреті шығады)

-Кеме

Барлықтарында кеме шықты ма?

-Ия

Тапсырманы дұрыс орындағандарын үшін мен сендерге мына әріпті тарту етемін?

-Ж, әрпі (фланелеграфқа « Ж»әрпін қоямыз)

Ұйымдастырушылық-ізденістік

-Алдымызда әлі көптеген тапсырмалар бар, әр тапсырманы орындаған сайын сиқыршылар бір әріптен тарту етеді, саяхаттың соңында қандай сөз шыққанын көреміз

Саяхатқа шықпас бұрын тіл ұстарту жаттығуын қайталау:

Ән-ән-ән —

Қамба толы дән.

Ән-ән-ән —

Әжем айтқан ән.

Ән -ән-ән —

Құрып жүрген сән.

Экранға назар аударайық, 2-ші тапсырма.

«Сиқырлы әріптер мен сөздер әлемі»

Дискты қосу.(«Б» дыбысына қатысты сөздер қайталанады)

Енді балалар қима кассадан «Б» әрпін табайық, кім көрсетеді?

-«Б» әрпі дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз ба?

дыбыс — звук

Ендеше барлығымыз алдымыздағы айнаны алып Б дыбысын айтып көрейік.

-Неге дауыссыз?

-Өйткені Б дыбысын айтқанда ауызымыз ашылмайды, дыбыс еркін шықпайды.

-Жақсы балалар сендер екінші тапсырманы да орындадыңдар, көрейікші сиқыршылар елінде сендерге қандай әріпті дайындап қойыпты, мынау қандай әріп?

-А әрпі(фланелеграфқа «А»әрпін қоямыз)

Саяхатымызды жалғастырайық.

3 саны бар тапсырманы қарайық.

Тірек сызбалар арқылы сөйлем құрастыру.

Мысалы: -Мен автобуска отырдым.

-Сөйлем неше сөзден тұрады?

-Үш сөзден тұрады.

Балалар тірек сызбалар арқылы бірнеше сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады (Жұптық жұмыс)

-Неше сөзден тұратын сөйлем құрастырдың?

-Келесі сөйлемді құраймыз.

-Мұнда қандай әріп жасырынып тұр екен?

-Мынау қандай әріп?

-Р әрпі(фланелеграфқа «Р»әрпін қоямыз)

Сергіту жаттығуы:

Қане, қанат жазайық,

Ұшақ боп ұшайық.

Ұшып-ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

Келесі бізде 4 тапсырма

Дидактикалық ойын: «Ғажайып текше».

Мақсаты: Дыбыстық талдау жасау.

Шарты: балалар шеңбер болып тұрады. Текшенің 6 жағында дыбысқа байланысты суреттер жабыстырылады. Текшені айналдырып, ортаға лақтырады. Қандай сурет түссе, сол суретке дыбыстық талдау жасау

Мысалы: *әтеш, әже, әке* т.б.

Мысалы: Әтеш деген сөзді жеке жұмыс кассасынан жазып көрсету.

әтеш – петух

Астына қызыл, көк текшелермен белгілеп дауысты, дауыссыз екенің ажырату.

Балалар ,мынау қандай әріп екен?

-А, әрпі(фланелеграфқа «А»әрпін қоямыз)

Экранға назар аудару

-Балалар, келесі тапсырма, «Жоғалған буындар» деп аталады.

Буындардан сөз құрайды

М: Ба-қа,Со-на. Ба-ла

Бақа-лягушка,

Келесі әріп, қандай әріп екен?

Й, әрпі

(фланелеграфқа «Й»әрпін қоямыз)

Келесі елге жеткенше біраз отырып тыңығып алайық

Сергіту жаттығуы:

Жаңылтпашты жаңылмай айт.

Әсел әсем бе, Әсем әсем бе,

Әсем әсем бе, Әсел әсем бе?

Жаңылтпашты қайталап, жаңылмай айтуға жаттығады.

-Балалар, келесі тапсырмаға назар аударайық

(Сурет қарастыру арқылы сөйлем түрлерін қайталау)

-Мен балабақшаға келдім.Қандай сөйлем?

-Хабарлы сөйлем.

-Неге хабарлы сөйлем?

-Өйткені хабарлап айтып тұр.

- Сен бүгін далаға шықтың ба?

-Қандай сөйлем?

-Сұраулы сөйлем

-Неге?

-Өйткені далаға шықтың ба,-деп сұрап тұр.

-Алақай!Алақай!, атам келді!

-Қандай сөйлем?

-Лепті сөйлем.

-Өйткені қатты қуанышын білдіріп тұр.

-Жақсы сендер бұл тапсырманы да дұрыс орындадыңдар, сол үшін сендерге мына әріпті дайындап қойыпты?

-Мынау қандай әріп?

-С әрпі (фланелеграфқа «А»әрпін қоямыз)

Саяхатымызды жалғастырайық.

Алдарындағы 7-ші нөмірлі карточканы аламыз.(Экранға шығару)

Мына үлгіге қарап автобустың дөңгелектері мен терезелерін штрихтап бояймыз.

Ол үшін қолдарымызды жазуға дайындап, саусақ жаттығуын орындайық

Саусақ жаттығуы.

Штрихтау технологиясы.

Балалар тапсырмаларды дұрыс орындағандары үшін Ы әрпін алады

(фланелеграфқа «Ы»әрпін қоямыз)

8- ші нөмірлі карточканы қарайықшы балалар мұнда әр түрлі заттардың суреті бар екен ия, сендер сол суреттерге сәйкес алдарындағы қима кассаларды қолданып сол сөздерді жазамыз.

Келесі тапсырма,(балалар ребустар шешеді).

Суреттер мен әріптерді құрап ребустар шешеді

-Мына жерде қандай әріп жасырынып тұр екен?

Р әрпі (фланелеграфқа «Р»әрпін қоямыз)

Балалар бүгінгі тапсырмаларымыздың бәрін орындап болдық, енді тақтаға назар аударайық ,қандай сөз шықты?

Қол шапалақтау әдісі арқылы буынға бөліп айтқызады.

Жа-рай-сын-дар!

Балалар бір-бірлеріне жарайсындар деп көрсетеді.

Балалар осымен саяхатымыз аяқталды , балабақшамызға оралайық.

Бүгінгі саяхатымыздан қандай әсер алдындар?

Несімен қызықты болды?

Рефлексиялық-түзетушілік:

-Бүгін қайда саяхатқа бардық?

-Саяхатта қандай тапсырмалар орындадық?

-Бүгін қандай дыбыстарды қайталадық?

№ P00056 01.02.2022ж.

«БАЛБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

ОРЫНҒАЛИ ӘСЕЛХАН АМАНТАЙҚЫЗЫ

Атырау қаласы. Білім беру басқармасының бөліміне қарасты

№ 39 «Ақкөгершін» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиеші.

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;

- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.

- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;

- Баланың сөздік қорын молайту;

- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету. Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті.

Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.
6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын - жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс - жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө - мө - мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыздар?» дейді.

- Балалар: - Орманға жидек теруге бара жатырмыз

Деп жауап береді.

Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды.

Тоқылдақ балаларды көріп «тық - тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ - шик» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар - қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек - көкек» деп қалыспайды.

Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын - жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын. Баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз

**Бала дарындылығын зерттеудің
педагогикалық әдістерін жетілдіру**

ЖУНУСОВА АЙЖАНАТ МАРКЕНОВНА

Қарағанды қаласы "№ 36 жалпы білім беретін мектебі" КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу,оның одан әрі дамуына бағыт бағдар бере білу ерекше қиын іс. Демек,оқушы бойындағы табиғат берген қабілетті дамыту, дарындылықтың көзін ашу, ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу-ұстаздардың басты міндеті. Дарын-адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Дарындылық бала бойындағы асқан алғырлық, зеректік. Табиғи дарынды бала алдымызға қашан келеді күтудің қажеті жоқ, керісінше, балалардың бойындағы қабілетті ашып, болашақ қоғамның бір-екі, одан да көп тұлғасын дайындау жолында еңбек етуіміз қажет, демек, бүгінде қоғам алдында тұрған міндет, әрбір ұстаз алдында тұрған міндет: дарынды балаларды іздеу, оларды тәрбиелеу мен оқыту. Дарынды балалармен жұмыс істеуде ұстаз өзі бірінші болып ізденеді.

Дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, саралау.

Ғылыми–әдебиеттердің сараптамасы негізінде дарынды балалардың сипаттамасын беру.

Балалардың дарындылық қасиеттерін анықтауға арналған әр түрлі әдістемелерді жинақтау.

Дарынды балаларды оқытуда білімденудің инновациялық технологияларын жүйелеу.

Қазіргі уақытта тәжірибелік негізі бар екі бағыттағы ғылыми зерттеулердің қажеттілігі өте орынды болып отыр. Олар:

Дарындылық деңгейлерін жақсарту;

Бала дарындылығын зерттеудің педагогикалық әдістерін жетілдіру.

Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басты мақсат

Республиканың интеллектуалды әлеуетін сақтау және қазақстандық азаматтан зиялы қауымды дайындау. Интеллектуалы жоғары, қоғамға жаны аши білетен азаматтарды дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Ендеше жаңа ғасыр мектебінің алдында тұрған міндет-дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу болып табылады. Дарындылықты дамытудың қазіргі кезде нақты бір белгіленген бағыты, жүйеленген әдістері немесе тәсілдері жоқ. Оқу мен тәрбиенің сыныптағы бала танымына лайық жолдарын сұрыптау, әр баланың даралық ерекшелігін дамытуға, қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатымызға айналуы тиіс. Мектеп қабырғасында оқушылар жақсы да, жаман да оқиды. Ал адам бойындағы дарындылықты нағыз данышпандыққа айналдырудың бір ғана шарты-табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен еңбектену. Демек, табиғи таланттарды ашу жас талапкердің жарқырап көрінуі үшін ұстазға жүктелер міндет не? Ол міндет-оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жан аянбай еңбек ету. Осы жағдайға жеткен оқушы әрқашан да ұстаз сенімін ақтайды

Дарындылық – бұл қабілеттілік, адамның жалпы қасиеті немесе арнайы іс-әрекеті ретінде көрінетін қабілеттілік. Көптеген ғалымдар жалпы дарындылық бар дегенге сүйенеді. Сол білім мен дағдыны алғандағы жеңілділік пен шапшандылықты көрсетсе де, адамда қалыптасқан білім, дағды, іскерлік қабілеттілікке сәйкес келмейді. Адамның қабілеті шын мәнінде әрқашан жалпы және ерекше қасиеті бірлігінде берілген. Ерекше, жарқын көрінген таланттың арнайы қабілетінің бар болуы адамның жалпы дарындылығына ізін қалдырады, ал жалпы дарындылықтың бар болуы әрбір арнайы қабілеттің мінезінде көрінеді. Дарынды балаларды ерте жастан анықтау, оларға білім беру және тәрбиелеу – психологтардың маңызды мәселелерінің бірі. XX ғасырдың соңғы ширегінде барлық өркениетті елдерде әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени үдерістерде жеке адамның рөлі өзгергендіктен дарынды балалардың дамуы, оқуы және көрінуі бойынша жұмыстар басталды. Өнер, мәдениет, ғылым, басқару, өндірудің барлық саласында өзіндік, шығармашылықпен ойлайтын жас адамдардың қажеттілігі байқалды. Бала дарындылығының ерте жастан көрінуі және жүргізілген зерттеу тәжірибелері мұндай балаларды шығармашылыққа тәрбиелеудің арнайы мемлекеттік бағдарламасы құрылуы қажет екендігін және мұғалімдер мен ата-аналарды психологиялық, әлеуметтік-экономикалық көмекпен қамтамасыз ету керек екендігіне негіз болды.

Қоғам әрқашанда шығармашыл адамдарды қажет етеді, бірақ тек XX ғасырдың ортасында қабілеттілік және талант психологиясы бойынша зерттеулер кеңінен жүргізіле бастады. Дарындылық феномені туралы негізгі білімдерге ие және олармен жұмыс жасау тәжірибесі бар мұғалімдер санын көбейту проблемасы да осы қатарға жатады. Дарындылық – бұл адамның генетикалық және тәжірибелік мүмкіндіктерінің өмірге бейімделу шамасы.

Дарындылықтың негізгі функциялары – өмірге, қоршаған ортаға максимальды бейімделу, шығармашылық тұрғысынан қарауды қажет ететін жаңа, күтпеген проблемалар болған жағдайда шешім табу. Дарындылық проблемасын зерттеуде ғалымдар жалпы және арнайы дарындылық деп бөледі. Жалпы дарындылық іс-әрекеттің формаларында немесе әртүрлі түрлерінде жалпы мәліметтерге ие. Жалпы ақыл-ойлы дарындылық іс-әрекеттің барлық түрін меңгеруде көрінеді. Дарындылықтың психологиялық құрылымы шығармашылық және адамның шығармашылық дамуын мінездейтін құрылымдық негізгі элементтермен сәйкес келеді. Сырт қараған адамға адамның шығармашылық дамуы көп қырынан көрінеді. Олар бала кезінен-ақ көріне бастайды, ең алғашқысы болып сөйлеу және ойлау қабілеттерінің тез дамып жетілуі, ерте жастан әуестенушілік (музыкамен, көркем суретпен, оқумен, есеппен), баланың білуге құмарлығы, зерттеу белсендігі. Баланың шығармашылық потенциалының жалпы мінездемесі және құрылымдық компоненті болып мотивацияның басқа типтеріне қарағанда таным мотивациясы доминантының психологиялық негізін құрайтын таным қажеттіліктері табылады.

Қорыта келгенде, дарынды баланың шығармашылық дамуының маңызды сипатына жеке бастық және интеллектуалды қасиеттердің ерекшеліктері жатады, дарынды балалардың заттық әлеммен өзара әрекетінде жеке бастық стратегиясы дами отырып, онда репродуктивті немесе продуктивті іс-әрекет типтері қалыптасу негізінде, жүйелі оқыту процесінің басталуымен байланысты табиғи потенциалдарды тарататын креативтілік типінің қалыптасу мүмкіндігі құрыла бастайды.

Воспитание и образования детей с нарушениями зрения

ШАЙДАЛИНА РАУШАН МАЛИКОВНА

*Г.Алматы Специальная школа-интернат № 4 для слепых
и слабовидящих детей имени Н. Островского. Воспитатель*

Подготовка к жизни слабовидящих и включение их в социальную сферу жизнедеятельности является важнейшей задачей, т.к. в современных условиях перехода страны к рыночной экономике обострились проблемы социальной и трудовой адаптации незрячих, их трудоустройства и обучения. В сложившейся социально-экономической ситуации обучение детей с глубокими нарушениями зрения еще в большей степени требует усиления внимания к тем научно-методическим аспектам тифлопедагогики, которые ориентированы на обеспечение условий для самореализации незрячих в различных сферах жизни.

На сегодняшний день необходим поиск новых подходов создания специальных педагогических методик, коррекции и реабилитации детей с нарушениями зрения, усовершенствование обучения в условиях специальных школ, с учетом технической оснащенности и обеспеченности учебного процесса.

Система образования для слепых и слабовидящих имеет двухстороннее понимание. По вертикали, или по возрасту, существуют коррекционные учреждения 3-4 видов для охвата всех возрастных групп, начиная с младенцев и кончая пожилыми людьми. Такое же количество коррекционных учреждений для детей и взрослых существует по горизонтали, т. е. по степени нарушения зрения.

В систему коррекционных (специальных) учреждений образования для слепых и слабовидящих по возрасту включает в себя: дошкольные, школьные, специальные профессиональные учреждения, школы восстановления трудоспособности слепых, Всероссийское Общество Слепых учебно-производственные предприятия и др., которые финансируются государством.

Отбор детей в специальные коррекционно-образовательные учреждения производит психолого-медико-педагогическая комиссия, первоочередной задачей которой является выбор вида образовательной организации, с учетом психофизиологических возможностей и зрительных особенностей.

Главной задачей особых учебных заведений является развитие полноценной личности, корректировка нарушений зрения, обеспечение образования, соответствующего по объему и уровню образованию, предлагаемому массовыми школами, развитие способностей ребенка и осуществление трудовой подготовки.

Данная группа детей отличается различным уровнем психофизического, психоэмоционального развития при поступлении в образовательное учреждение, уровнем развития компенсаторных процессов. Проблема зрения значительно осложняет физическое и интеллектуальное развитие обучающихся и проявляется: в замедленном темпе освоения различных движений и более низком уровне развития; в нарушении координации движений; в снижении уровня развития общей и мелкой моторики; в возникновении навязчивых движений; в нарушении осанки, походки, положения тела; в трудностях передвижения в пространстве. Заметны трудности в овладении языковыми и неязыковыми средствами общения, в осуществлении коммуникативной деятельности, а также наличие своеобразия речевого развития, что обуславливает необходимость особого внимания к использованию речи в учебно-познавательном процессе слабовидящих обучающихся как важнейшего средства компенсации зрительной недостаточности.

Обобщенным критерием у всех слабовидящих обучающихся выступает недоразвитие сферы чувственного познания, что приводит, в первую очередь, к изменениям в психическом и физическом развитии, трудностям становления личности, к затруднениям социально-бытовой и пространственной адаптации. Нарушение зрительных функций создает проблему формирования точных образов окружающего мира, снижает возможности координации в пространстве, осложняет процесс зрительного и чувственного восприятия, обуславливает возникновение трудностей в процессе реализации учебно-познавательной деятельности. Состояние зрительных функций чрезвычайно неустойчивое и во многом зависит от условий, в которых осуществляется учебно-познавательная деятельность. Для обучающихся характерно снижение общей и зрительной работоспособности; медленное формирование предметно-практических действий; сниженный темп овладения письмом и чтением; появление трудностей при выполнении зрительных заданий, требующих согласованных движений глаз; проблематика в овладении измерительными навыками, выполнении заданий, связанных со зрительно-моторной координацией и др.

Наблюдается снижение скорости и точности зрительного восприятия, замедленность становления зрительного образа, сокращение и ослабление ряда свойств зрительного восприятия (объем, целостность, константность, обобщенность, избирательность и др.).

Данная категория детей отличаются своеобразием речевого развития, проявляющимся в слабой связи речи с предметным содержанием, наблюдается снижение общей познавательной активности. Кроме того, слабовидящим характерны трудности, связанные с качеством выполняемых действий, автоматизацией навыков, осуществлением зрительного контроля над выполняемыми действиями.

В связи с этим, данной группе требуется удовлетворение особых образовательных потребностей:

- развитие процессуально-познавательной составляющей;
- систематическое и целенаправленное развитие логических приемов переработки, сохранения и освоения необходимой информации;
- обеспечение доступности учебной среды и информации для зрительного восприятия;
- использование индивидуальных пособий;
- применение специальных методик и технологий;
- учет темпа школьной работы;
- увеличение времени на выполнение практических заданий;
- введением коррекционно-развивающего тифлопедагогического сопровождения;
- активное использование речи как средства компенсации нарушенных функций;
- поддержание и наращивание зрительной работоспособности в образовательном процессе;
- поддержание психофизического тонуса и др.

Отечественные педагоги придерживаются мнения, что, прежде, чем поместить ребенка в наполненную школу, необходимо создать для обучающегося, с особыми образовательными потребностями, специальные условия, в которых ребенок с различными нарушениями зрения мог бы чувствовать себя комфортно (освещение, специальные книги, компьютерная техника и пр.), а создавать такие условия необходимо еще с первого дня пребывания в школе, чтобы по окончании начальной школы они достигли планируемых результатов освоения адаптированной основной общеобразовательной программы начального общего образования.

Важным является наличие специально-организованного педагогического состава, где на протяжении всего периода обучения ребёнка в начальной школе осуществлялось бы постоянное сопровождение специалистами: учителем-дефектологом (тифлопедагогом), педагогом-психологом и учителем-логопедом. Объём и содержание коррекционно-развивающих, реабилитационных и компенсирующих занятий определяются в соответствии с рекомендациями психолого-педагогического консилиума учреждения и отражаются в индивидуальном образовательном маршруте обучающегося.

Учитель-дефектолог (тифлопедагог) является ведущим специалистом, координирующий и направляющий коррекционно-педагогическую работу всего педагогического коллектива.

В основе реализации специальной адаптированной образовательной программы, учитель-дефектолог проводит малые групповые и индивидуальные занятия, которые обеспечивают стойкое закрепление полученных навыков и коррекцию негативных проявлений, препятствующих успешному овладению программы.

Занятия проводятся по следующим направлениям:

- развитие зрительного восприятия;
- развитие пространственной ориентировки;
- развитие социально-бытовой ориентировки;
- развитие осязания и мелкой моторики.

Создавать условия необходимо как во время коррекционно-развивающей деятельности, так и во время основной учебной деятельности, где учителю, работающему со слабовидящими детьми необходимо знать специфику нарушений зрения и особенности развития слабовидящих детей, следовательно, и урок планируется таким образом, чтобы ребенок с нарушениями зрения был включен в образовательную деятельность без ущерба для его здоровья, но в то же время, учебный материал должен быть полностью освоен им в полном объеме.

При обучении ребёнка с нарушениями зрения, следует помнить, что он не всегда может использовать зрительный анализатор в качестве ведущего для получения информации, т.к. обычно при формировании целостного образа предмета принимают участие несколько анализаторов (глаз, ухо, мышечное чувство). Таким образом, на любом занятии (урок, коррекция) нужно сочетать разные формы наглядности и словесного пояснения, а педагогу необходимо проговаривать все, что он делает, пишет или рисует. Речь учителя должна быть конкретной, выразительной и лаконичной. При изучении картин и плакатов детям разрешается подходить к доске на удобное для них расстояние. Кроме того, учитель организует рассматривание наглядного материала до и после урока. Возможно использование индивидуальных раздаточных пособий, которые должны быть с повышенной насыщенностью оранжевого, красного и зеленого цветов. Весь демонстрационный и раздаточный материал должен быть приближен к реальному изображению, с четким контуром. Используются пособия с матовой поверхностью без бликов, реальные объекты, муляжи, схемы, графики. Демонстрация наглядных материалов дополняется пояснениями, которые позволяют детям выделять визуальные признаки предметов окружающего мира. При применении интерактивных средств обучения необходимо чётко соблюдать рекомендации врача-офтальмолога (возможность и длительность использования).

Некоторым детям нужны специальные оптические приборы. На уроках такие дети работают с увеличительным стеклом (лупой), со специальной увеличительной линейкой, видеоувеличителями (стационарными и портативными).

Важно помнить о времени непрерывной зрительной нагрузки. Учитель может использовать такие формы работы, которые позволяют её снизить. Это могут быть:

- пальцевое обведение букв, цифр и их элементов, выполненных из различных материалов на этапе изучения букв и цифр;
- чтение слогов и выражений на цветных таблицах;
- работа у доски с применением магнитных букв и цифр (вставить пропущенный символ);
- работа на индивидуальных карточках с записью краткого ответа (без записи в рабочей тетради);
- знакомство с художественными произведениями посредством аудирования, анализ литературных произведений на слух, с выделением опорных слов и предложений;
- работа в различных плоскостях (горизонтальной и вертикальной).

Необходимо проводить упражнения для снятия зрительного утомления с применением цветовых и звуковых ориентиров (специальные таблицы, флажки, шарики, колокольчики и пр.)

Большое значение имеют занятия физической культурой, поскольку детям с нарушением зрения необходимо формировать и развивать основные двигательные навыки. Учитель физкультуры проводит уроки, с учетом ограничения физической нагрузки, связанные с состоянием зрительного анализатора.

Соблюдение всех вышеперечисленных условий позволяет минимизировать риск появления вторичных отклонений и нарушений у слабовидящих детей во время образовательного процесса.

Поскольку в настоящее время данная практика стала использоваться довольно-таки часто, каждый учитель должен быть готов создать условия для полноценного успешного обучения детей с нарушениями зрения.

Индивидуальные, специально-ориентированные, педагогико-коррекционные мероприятия, которые обеспечивают удовлетворение особых образовательных потребностей слабовидящих детей в соответствии Федеральным государственным образовательным стандартом, включают:

- коррекцию и развитие нейрорептических функций (сенсорных, моторных, психических);
- развитие умений и навыков пространственно-ориентированной составляющей, социально-бытовой ориентировки, коммуникативных навыков, осязания и мелкой моторики;

- способствование использованию освоенных способов возмещения информации, умений и навыков;

- развитие навыков самостоятельной работы, стимулирование познавательной активности и творческих интересов, формирование эмоционально-волевой сферы и положительных качеств личности.

Во время образовательного процесса данная группа детей испытывают ряд трудностей: низкий уровень отличия типовых внешних признаков предметов из-за нечеткой видимости и пониженному восприятию; сложность трудности различения строк, схожих букв и чисел, которые ведут к невозможности изучения счета и чтения, а также при зрительной работе появляется повышенная утомляемость, способствующая еще большему снижению зрительности, интеллектуальной и физической работоспособности.

Во время образовательной деятельности, дети с нарушениями зрения используются специальные средства: учебники с крупным шрифтом, телескопические очки, контактные линзы, лупы, монокуляры, бинокуляры, проекторы, повышенная освещенность, учебники системы Л.Брайля, светозащитные линзы, «говорящие» книги, диапроекторы, унифокальные и бифокальные очки и другие.

Таким образом, использование способов восприятия информации, напрямую зависит от степени нарушения остроты зрения, что предполагает применение дифференцированных форм их обучения в специальной школе для слабовидящих и в инклюзивной школе.

Особые образовательные потребности детей с нарушениями зрения весьма разнообразны и имеют определённые внутригрупповые отличия (в зависимости от степени нарушения зрительного анализатора). Общим для всех детей с нарушением зрения является недоразвитие сферы чувственного познания, а также появляются трудности формирования опорно-двигательных навыков. Своеобразие физического развития проявляется в нарушении координации, точности, объема движений, что существенно осложняет формирование личности, овладение навыками пространственного ориентирования.

Специфические (особые) образовательные потребности слепых детей заключаются в обогащении и коррекция чувственного опыта, формировании умений и навыков социально-бытовой ориентировки, развитии полисенсорного восприятия предметов и объектов окружающего мира, развитие коммуникативной деятельности, коррекция речевых нарушений, преодоление вербализма речи, формировании компенсаторных способов деятельности, профилактике вербализма и формализма знаний, развитии эмоциональной сферы, коррекция и профилактика возникновения негативных качеств характера и поведенческих проявлений, формировании навыков ориентировки в микро и макропространстве, коррекции нарушений двигательной сферы.

Таким образом, для детей с нарушением зрительной функции требуется особая поддержка с педагогической стороны, наличие определенной материально-технической базы, применение специальных методов вхождения в общий коллектив, технологий его обучения, наличие квалифицированного педагогического состава, создание комфортных условий его пребывания в школе, что будет способствовать полноценному развитию личности ребенка, его минимальной утомляемости, коррекции, реабилитации, приобщению к общественной, трудовой и социально-бытовой сферам жизнедеятельности.

№ Q00040 08.02.2022 ж

ӘЛ- ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

ҒАЗИЗҚЫЗЫ АҚЕРКЕ

Тараз қаласы № 54 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл азаматтарымыз бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге танылғандары да аз емес. Солардың бірі — бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр Әл Фараби дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Еуропа мәдениетінде үлес қосқан, кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Еуропа университеттерінде оқылған түрік дарыны. Түркістан топырағы - Фараб аймағынан шыққан ірі ойшыл, философ ғалым. Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқиды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады.

Олардан тәлім-тәрбие алады. Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім- адамзаттың қас жауы, ал келешекте оның өміріне қауіп әкеледі. Әбу Насыр Әл-Фарабидің адамзаттың қалыптасуы, жеке тұлғаның дамуындағы тәрбиенің алатын орны мен атқаратын ролі туралы пікірлері, оқыту, білім беру мәселелері мен нағыз ұстаз жөніндегі көзқарастары қарастырылған. Түйінді сөздер: тәрбие, еңбек, білім, ұстаз, шәкірт. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын. Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ топырағынан шыққан, жанжақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақылпарасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған. «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім- тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады. Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген ӘлФарабидің атакты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім. Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады.

Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген. Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жантәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды. Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінезқұлық, іс-әрекеттер сипатталады Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды», - деп тұжырымдайды. Жақсы мінез - құлық пен ақыл-күші болып, екеуі біріккенде - бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдылығында және жетілгенділігінде деген мағынада айтамыз.

Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттеріміздің абзалдылықпен жетілгендігін табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз. Біз ержүректілік жақсы адамшылық қасиет дейміз және бұған қатерлі істердің тұсында көрінетін біршама батылдық жасау арқылы немесе ұстамдылық көрсету арқылы жетуге болады дейміз. Бұл істерде болатын шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа соқтырады, ал батылдықтың жетіспеуі қорқақтыққа соқтырады, ал бұл - жаман адамгершілік сапа. Міне, осы адамгершілік сапалар қалыптасқан кезде, олардан осыларға сәйкес әрекеттер туады. Досгерлік - адамшылықтағы жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым - қатынас жасауынан тұрады, осының арқасында ол өзінің жүріс - тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады. Бұл жөнінде артық кету — жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәкаппарлыққа итереді. «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Әл-Фарабидің жоғарыда атап өткен арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай-ақ педагогика, әдістеме мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да осы айтылғандардың айқын дәлелі болып табылады. Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұраларының насихатталуы, зерттелуі және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-экономикалық, саяси, философиялық, діни 37 көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды да ұшан-теңіз, мол дүние. Бүгінгі таңдағы Мәңгілік ел ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. Мәңгілік ел ұлттық идеясы барлық қазақстандықтарға, барлық халыққа жолдау болып табылады. Қазіргі таңдағы жаһандану кезеңіндегі халықтар мен мәдениеттердің өзара бірлігі мен тұтастығына негізделген әл-Фараби идеяларының жүйесін толықтай зерттеу арқылы сол кезеңдегі қазақ даласындағы өркениетті насихаттау мен болашақ жас ұрпақтың жадында мәңгі сақтау болып табылады. Рухани жаңғыру — ұлт үшін маңызды. Бағыты мықты елдің ғана, болашағы баянды болады! Білім мен ғылымда озық ел ғана — көшбасшылардың қатарынан табылады

№ Q00043 08.02.2022 ж

Мен – жаңа форматтағы ұстазбын

НЫСАНОВА УЛПАН УТЕГЕНОВНА

*Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
"№10 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

/Н. Ә. Назарбаев./

Заман өзгеруде, менде заман талабына сай өзгере білуім керек — деген ұстаным әр ұстаздың бойынан табылуы керек.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңсіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым - қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры **Бауыржан Момышұлы** “Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – **Мұғалім**.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық техногиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс.

В.И.Шепелдің айтуы бойынша, технология – өнер, шеберлік, біліктілік жағдайын зерттеуге бағытталаған іс-әрекеттердің жиынтығы ұғымын білдіреді.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады.

Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады. Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады. Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді. Бір — бірін бағалау арқылы өз қателерін түсініп, өзгеге үйрету арқылы үйреніп отырады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің ,интернеттің тіліне айналды.Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар.Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды », - деген сөзі қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп отыр.Мәңгілік елдің соғатын жүрегі қазақ тілімен байланысты болады десек,онда заман тынысын тани білген адамға дамудың күретаымыры ақпараттық коммуникациялық технологиялармен байланысты екендігі де айқын. Осы мақсатпен аудандық қазақ тілі мұғалімдерімен «Тіл жанашырлары » атты қауымдастық құрып,биылғы жылы семинарлар өткіздім. Облыстық конференцияда «Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүргізу жолдары»тақырыбында шеберлік сынып өткіздім. Осы тақырыппен аудандық семинарда шеберлік сынып, «Топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өтті. Мектеп мұғалімдерімен де тәжірибе алмасып жүреміз.«Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану» атты семинарда аудан мұғалімдері үшін тиімді өткізіліп, тәжірибе алмастық.

Астана қаласында өткен «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар»Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі форумына қатысып алған мәліметтер бойынша аудан мұғалімдерімен ой бөлістік.

Біздің мақсатымыз- гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой- санасын, парасатын, бүкіл болмыс- тіршілігі мен сезімін- түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр.»

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз- Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол-«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.

Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім. Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

Елбасымыздың «Мәңгілік Елге» бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолында білімді шәкірт дайындаудан шаршамайтын, қазақ елінің жаңа форматты мұғалімін дайындауға атсалысып деңгейлік курсты өткізіп жүрген білімді де, білікті тренерлердің еңбектері біз үшін баға жетпес нұсқау болып отыр. . Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның «рефлексиялық оқыту» технологиясында немесе Абай Құнанбаевтың он бесінші сөзінде айтылғандай әр адам өз ісіне есеп бере білсе нәтижеге жетері анық деп санаймын..

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

ҚЫДЫРАЛИЕВ ДОСЖАН КУАНДЫКОВИЧ

*Түркістан облысы, Түлкібас ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің директоры*

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады. Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу тәжірибемнен

БЕГЕЕВА АНАР САГИНБАЕВНА

Ақтау қаласы № 28 "Жалпы білім беру орта мектеп" КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

Алға қойған мақсатым - Тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашақ тұлғаларын білім нәрімен сусындату. Талабы таудай, дарыны мол, іздемпаз, жан жақты, өз идеясын жүзеге асыра алатын, шығармашылық дарыны мол бала тәрбиелеу. Білім негізі бастауышта деген сөз ді ескере отырып. Оқушылардың шығармашылық дарынын дамыту, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырумыз қажет. Еліміздің ертеңгі болашақ ұрпақтарын білімді, жаңашыл, өмірден дұрыс жол таба білу үшін өздігінен Саналы шешім қабылдай білуге үйретуіміз қажет. Дарын дегеніміз адам бойындағы негізінен ана сүтімен, ата тегімен даритын құбылыс екенін өмір тәжірибесінде дәлелдеп отыр. Дарын ол баланың белгілі бір дүниеге психологиялық қабилеттілігі. Осы қабилетті дер кезінде Анықтап оны одан әрі дамыта білу ұстаздар еншісінде. Дарынды баланы анықтауда, дарынды бала ерекшелігі пәнге деген қызығушылығы өте жоғары. Есте сақтау қабилетті жақсы, сөздік қоры үлкен, пәндер арасындағы байланысты қабылдай алу және сәйкес тұжырымдар жасауы, тез шешім қабылдамауы, немесе берген сұрағына ойланып толықтай жауап беру. Дарынды баламен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты: Өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту. Пәнге терең қызығушылығын арттыру. Оқушының әсерлік сезімін қалыптастыру. Оқушының деңгейін анықтау сайыстар, ойындар, кім жылдам, кім тапқыр ойындарын өткізу керек. Оқушының шығармашылық пен айналысуына мектепте, сабақ үстінде қолайлы жағдай жасау. Шығармашылық жұмысқа баулып олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу. Шығармашылық қабилеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытып отырамын. Оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне қарай қабилеттерін аша отырып ойын, қиялын дамыту, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырып, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой пікірлерін дамыту. Оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының белсенділігін дамыта отырыу арқылы мақсатқа қол жеткіземіз. Міндеттері: Оқушының белсенділігін қалыптастыра отырып шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын Үйрету. Жан жақты ақпараттандыру. Жеке қабилеттеріне қарай ұжымдық жұмыстан бөлінбеуін қадағалап, қолдау көрсетіп, әр деңгейдегі жеке тапсырмаларды деңгейіне қарай бөліп беремін. Әр баланың шығармашылық белсенділігін арттыру, түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, сайыстарға, ғылымт жобалар мен байқауларға қатысуларына қолдау көрсетемін.

Менің Оқушыларға сенімділік көрсетіп, Іс әрекетіне ерік беріп,жігерлендіру. Адамгершілік қасиеттерін арттыру Өз ойын еркін айтуға бағыттау Ойы ұшқыр шығармашылық қабілеті жоғары, өмірге икемді ,жан жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Баламен жеке сыйластық және сенімді қарым қатынас орнату. Дарынды баланың ерекшелігі Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлап,жауап береді Дарынды бала ішкі сезім жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын .Әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады . Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттер өмірге құштарлық, биік ізгіліктің кілті мыңды жығатын білімінде. Дарынды бала әр түрлі күрделі тапсырмаларды шешуге дайын болады, олардың сөздік қоры бай және ойларын ерекше бірдіреді. Әр баланың жеке қабілетін анықтап,оны сол бағытқа жетелеу әр ұстаздың міндеті. Дарынды балаларға ақын, жазушылардың өмірбаяндары туралы реферат жаздырып, өлеңдерін жаттатудан бастадым. Мақал-мәтел жаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуды үйреттім. Математикаға қызығатын балдарға ең бірінші менталды арифметикадан бастадым. Олардың жетістігі мен үшін қуаныш еңбегіңнің жемісі екенін сезесің Абай атамыз айтқандай «Ақырын жүріп,анық бас,еңбегің кетпес далаға Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегендей, келекшекте де қоғамымызға өз пайдасын келтіріп, ұғымтал зерделі шәкірттерді тәрбиелеп, қанаттарын қатайтып ұшыру біз ұстаздардың парызымыз деп білемін.

МАЗМҰНЫ

- *ТОЙГУЛОВ МУХТАРХАН МОЛДАХАНҰЛЫ*
- *КОКАНОВА НАЗИГУЛ КЕРИМОВНА*
- *ХАМЗИНА ЖАНАР ОРЫНБАЕВНА*
- *ИБРАЕВА АЙГУЛЬ АМАНГЕЛЬДИНОВНА*
- *ТАУКЕНОВА АЙЖАН РАХАТКАНОВНА*
- *ДОСЫБАЕВА САЯ БОЛЫСБАЕВНА*
- *АМАНБАЕВА ҰЛБОЛСЫН АМАНБАЙҚЫЗЫ*
- *БАЗАРБАЕВА ЗУЛЬФИЯ АЮКЕЕВНА*
- *ОРЫНҒАЛИ ӘСЕЛХАН АМАНТАЙҚЫЗЫ*
- *ЖУНУСОВА АЙЖАНАТ МАРКЕНОВНА*
- *ШАЙДАЛИНА РАУШАН МАЛИКОВНА*
- *ҒАЗИЗҚЫЗЫ АҚЕРКЕ*
- *НЫСАНОВА УЛПАН УТЕГЕНОВНА*
- *ҚЫДЫРАЛИЕВ ДОСЖАН ҚУАНДЫКОВИЧ*
- *БЕГЕЕВА АНАР САГИНБАЕВНА*